

**«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы**

**Қаржылық есептілік**

*2015 жыл үшін  
тәуелсіз аудиторлардың есебімен бірге*

**МАЗМҰНЫ****ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБИ**

Қаржылық жағдай туралы есеп.....	1
Пайда мен зияндар туралы есеп.....	2
Жиынтық кіріс туралы есеп .....	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп .....	5

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

1. Қызметінің сипаты.....	6
2. Есептілікті дайындау негізі.....	6
3. Есеп саясатының негізгі ережелері.....	6
4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаулар.....	21
5. Ақша қаражаты және олардың баламалары .....	21
6. Несиелік ұйымдардағы қаражат .....	22
7. Туынды қаржы активтері .....	22
8. Клиенттерге берілетін несиелер .....	22
9. Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек .....	24
10. Сатуға арналған активтер.....	24
11. Қаржылық жалға арналған мүлік .....	24
12. Негізгі құралдар .....	25
13. ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар .....	25
14. Берілген аванстар.....	26
15. Акционердің алдындағы берешек .....	26
16. Несиелік ұйымдардың қаражаты.....	27
17. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.....	28
18. Салық салу .....	28
19. Алынған аванстар .....	30
20. Басқа да активтер және басқа да міндеттемелер .....	30
21. Шарттық және шартты міндеттемелер .....	31
22. Капитал .....	32
23. Басқа да кірістер.....	33
24. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар.....	34
25. Клиенттерге берілген несиелердің келешек ақша ағындарының өзгеруінен түзетілген кірістерді шегере отырып залалдар .....	34
26. Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар .....	34
27. Тәуекелдерді басқару.....	35
28. Қаржы құралдарының әділ құны.....	42
29. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау .....	45
30. Байланысты тараптармен операциялар.....	46
31. Капитал жеткіліктігі .....	47

## Тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамның Акционері мен Директорлар кеңесіне

Біз қоса беріліп отырған «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда мен зияндар туралы есептен, жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

### *Қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі*

Компания басшылығы осы қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге, сондай-ақ басшылықтың пікірінше адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

### *Аудиторлардың жауапкершілігі*

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит қаржылық есептілікте берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған процедуралардың орындалуын қамтиды. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалануы тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ Аудит таңдалған есеп саясатының орындылығы мен Компанияның басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін бағалауды және тұтас қаржылық есептіліктің берілуін бағалауды қамтиды.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.

**Пікір**

Біздің ойымызша қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамның 2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

*Ernst & Young LLP*



Евгений Жемалетдинов  
Аудитор/«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2  
№0000003 болатын Қазақстан  
Республикасының аумағында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік  
лицензия

2016 жылғы 18 наурыз



Аудитордың 2003 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 0000553 біліктілік куәлігі

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП****2015 жылдың 31 желтоқсанына***(мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
<b>Активтер</b>			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	<b>23.874.332</b>	23.525.825
Несиелік ұйымдардағы қаражат	6	<b>2.549.777</b>	4.043.957
Туынды қаржы активтері	7	<b>1.734.567</b>	468.834
Клиенттерге берілетін несиелер	8	<b>59.739.798</b>	53.044.703
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	9	<b>179.633.484</b>	155.525.718
Сатуға арналған активтер	10	<b>508.034</b>	-
Қаржылық жалға арналған мүлік	11	<b>7.594.407</b>	11.726.638
Негізгі құралдар	12	<b>1.078.038</b>	1.082.622
Материалдық емес активтер		<b>227.695</b>	182.528
ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар	13	<b>1.554.151</b>	1.288.343
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер		<b>626.732</b>	551.867
Берілген аванстар	14	<b>5.996.446</b>	4.720.656
Басқа да активтер	20	<b>180.819</b>	275.336
<b>Активтер жиыны</b>		<b>285.298.280</b>	<b>256.437.027</b>
<b>Міндеттемелер</b>			
Акционердің алдындағы берешек	15	<b>104.286.082</b>	97.751.437
Несиелік ұйымдардың қаражаты	16	<b>30.424.302</b>	24.336.678
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17	<b>38.624.394</b>	16.631.461
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	18	<b>2.460.648</b>	2.031.244
Алынған аванстар	19	<b>4.760.927</b>	3.421.569
Кейінге қалдырылған ҚҚС		<b>2.533.534</b>	2.064.716
Басқа да міндеттемелер	20	<b>6.778.834</b>	8.638.153
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>189.868.721</b>	<b>154.875.258</b>
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	22	<b>82.837.204</b>	82.837.204
Қосымша капитал	22	<b>22.248.866</b>	18.786.572
Резервтік капитал	22	<b>1.436.184</b>	1.436.184
Шартты бөлу резерві	22	<b>(9.047.665)</b>	(7.885.776)
Жинақталған дефицит / бөлінбеген пайда		<b>(2.045.030)</b>	6.387.585
<b>Капитал жиыны</b>		<b>95.429.559</b>	<b>101.561.769</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>		<b>285.298.280</b>	<b>256.437.027</b>
<b>Бір жай акцияның теңгемен баланстық құны</b>	22	<b>1.149,26</b>	1.223,84

**Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді**

Қаныш Теміртайұлы Избастиң



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

6-48 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

**ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП****2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
<b>Пайыздық кірістер</b>			
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек		14.918.315	11.921.480
Клиенттерге берілетін несиелер		6.032.488	5.090.957
Несиелік ұйымдардағы қаражат		822.340	537.643
		<b>21.773.143</b>	<b>17.550.080</b>
<b>Пайыздық шығыстар</b>			
Акционердің алдындағы берешек		(6.298.616)	(5.707.929)
Несиелік ұйымдардың қаражаты		(1.782.960)	(1.563.620)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(2.024.110)	(458.467)
		<b>(10.105.686)</b>	<b>(7.730.016)</b>
<b>Таза пайыздық кіріс</b>		<b>11.667.457</b>	<b>9.820.064</b>
Қаржылық жалдаудың дебиторлық берешегі мен клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві			
<b>Несиелердің құнсыздану резервін және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті шегере отырып таза пайыздық кіріс</b>	8	<b>(4.611.789)</b>	<b>(3.886.444)</b>
		<b>7.055.668</b>	<b>5.933.620</b>
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша таза кірістер	7	1.280.852	946.452
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстар		(10.489.402)	(570.193)
Басқа да кірістер	23	930.326	513.470
<b>Басқа да операциялық (шығыстар)/кірістер</b>		<b>(8.278.224)</b>	<b>889.729</b>
Қызметкерлер құрамының шығыстары	24	(2.355.234)	(2.542.508)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар	26	(540.540)	(348.242)
Басқа да операциялық шығыстар	24	(811.297)	(791.664)
Клиенттерге берілген несиелердің келешек ақша ағындарының өзгеруінен түскен кірістерді шегере отырып таза залалдар	25	(647.866)	(567.194)
Амортизация		(144.888)	(120.030)
<b>Пайыздық емес шығыстар</b>		<b>(4.499.825)</b>	<b>(4.369.638)</b>
<b>Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі (зиян)/пайда</b>		<b>(5.722.381)</b>	<b>2.453.711</b>
Пайда салығы бойынша үнемдеу	18	145.698	719.547
<b>Есепті жылдағы (зиян)/пайда</b>		<b>(5.576.683)</b>	<b>3.173.258</b>

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

6-48 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП****2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Бір жылдағы (зиян)/пайда		<b>(5.576.683)</b>	3.173.258
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		-	-
<b>Бір жылғы жиынтық (зиян)/кіріс жиыны</b>		<b>(5.576.683)</b>	3.173.258

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді

Қаныш Теміртайұлы Избастин



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

*6-48 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП****2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	Жарғылық капитал	Қосымша капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	Жинақталған дефицит / бөлінбеген пайда	Жиыны
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>	80.883.511	12.597.918	1.436.184	(6.525.798)	5.919.441	94.311.256
Есепті жылғы жиынтық кіріс	-	-	-	-	3.173.258	3.173.258
Жарғылық капиталды ұлғайту	1.953.693	-	-	-	-	1.953.693
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша бастапқы мойындаудан болған кіріс (22-ескертпе)	-	-	-	-	-	-
Кезеңдегі шартты бөлу бойынша резерв (22-ескертпе)	-	6.188.654	-	-	-	6.188.654
Төленген дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	(1.359.978)	-	(1.359.978)
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	82.837.204	18.786.572	1.436.184	(7.885.776)	(2.705.114)	(2.705.114)
Есепті жылғы жиынтық зиян	-	-	-	-	6.387.585	101.561.769
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша бастапқы мойындаудан болған кіріс (22-ескертпе)	-	-	-	-	(5.576.683)	(5.576.683)
Кезеңдегі шартты бөлу бойынша резерв (22-ескертпе)	-	3.462.294	-	-	-	3.462.294
Төленген дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	(1.161.889)	-	(1.161.889)
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	82.837.204	22.248.866	1.436.184	(9.047.665)	(2.855.932)	(2.855.932)
					(2.045.030)	95.429.559

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді



Қаныш Теміртайұлы Изабаев

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шолпанова

Бас бухгалтер

6-48 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.



## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

	Ескер.	2015 жыл	2014 жыл
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Түскен пайыздар		16.198.885	12.284.588
Төленген пайыздар		(3.917.832)	(4.240.533)
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша өткізілген кірістер	7	15.008	513.962
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.381.558)	(2.502.473)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(815.003)	(780.094)
Басқа да алынған кірістер		923.201	351.889
Шетел валютасындағы операциялар бойынша жұмсалған (шығыстар)/кірістер		(386.220)	69.877
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>		<b>9.636.481</b>	<b>5.697.216</b>
<i>Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азайуы</i>			
Несиелік ұйымдардағы қаражат		1.494.180	9.993.317
Туынды қаржы активтері		111	20.126
Клиенттерге берілетін несиелер		(5.464.672)	(13.130.101)
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек		(26.983.980)	(36.699.055)
Сатуға арналған активтер		5.895	237.220
Қаржылық жалға арналған мүлік		3.756.988	1.536.682
ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар		(265.808)	4.393
Берілген аванстар		(1.330.499)	2.501.345
Басқа да активтер		(16.072)	(258.847)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азайуы)</i>			
Алынған аванстар		1.339.358	(334.164)
Басқа да міндеттемелер		(3.519.059)	2.466.019
<b>Табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары</b>		<b>(21.347.077)</b>	<b>(27.965.849)</b>
Төленген пайда салығы		(74.865)	(379.259)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды</b>		<b>(21.421.942)</b>	<b>(28.345.108)</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары</b>			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(192.866)	(247.008)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсім		-	4.703
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды</b>		<b>(192.866)</b>	<b>(242.305)</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Акционердің алдындағы берешектің ұлғаюынан түскен түсімдер		24.883.416	42.357.332
Акционердің алдындағы берешекті өтеу		(18.107.533)	(19.839.039)
Несиелік ұйымдардан қарыздар алу		6.901.367	13.954.566
Несиелік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу		(14.365.824)	(9.391.204)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер		19.984.542	16.196.665
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер	22	-	1.953.693
Төленген дивидендтер	22	(2.855.932)	(2.705.114)
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі</b>		<b>16.440.036</b>	<b>42.526.899</b>
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		5.523.279	270.597
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі</b>		<b>348.507</b>	<b>14.210.083</b>
Есепті жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	23.525.825	9.315.742
<b>Есепті жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	5	<b>23.874.332</b>	<b>23.525.825</b>

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Гүлнар Такишевна Шоданова

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

6-48 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

(мың теңгемен)

## 1. Қызметінің сипаты

«ҚазАгроҚаржы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 Қаулысымен құрылды. Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті 2006 жылғы 31 наурызда берген Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге арналған № 16 лицензияның негізінде өз қызметін жүзеге асырады. Компанияның ҚРҰБ 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 195 қаулысымен берілген қаржы агенті мәртебесі бар.

Компанияның негізгі қызмет түрлері мыналар:

- агроөнеркәсіптік кешенде лизинг қызметі;
- несиелендіру және осы Жарғыда көзделген, Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, заңнамалық актілермен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері;
- агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және өзге де бағдарламалардың іске асырылуына қатысу.

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 51.

Компанияның жалғыз акционері «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚазАгро» немесе Акционер) болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚазАгроның немесе Акционердің түпкі меншік иесі болып табылады.

Компанияның Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 15 филиалы бар.

## 2. Есептілікті дайындау негізі

### Жалпы бөлім

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы қаржылық есептілік есеп саясатында көрсетілгенді қоспағанда, тарихи құны бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес әзірленді.

Осы қаржылық есептілік, егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың теңге») көрсетілген.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері

### Есеп саясатындағы өзгерістер

Компанияның есеп саясаты «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 28 шешімімен бекітілген. Компания 2015 жылдың ішінде мынадай қайта қаралған ХҚЕС пен жаңа түсіндірулерді қолданды. Осы өзгертулер әсері төменде берілді:

#### 13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

13 ХҚЕС-ке (IFRS) бұл түзету «Тұжырым жасауға арналған негіздерде» қысқа мерзімді дебиторлық әрі кредиторлық берешек белгіленген пайыздық мөлшерлемесіз, егер дисконттау әсері елеусіз болса, жазылып берілген шоттар сомасында ескерілуі мүмкін екендігін түсіндіреді. Мұндай тәсіл Компанияның ағымдағы есеп саясатына сәйкес келеді және сондықтан бұл түзету оның есеп саясатына әсер етпейді.

#### 16 ХҚЕС (IAS) «Негізгі құралдар» және 38 ХҚЕС (IAS) «Материалдық емес активтер»

Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 16 ХҚЕС (IAS) пен 38 ХҚЕС (IAS) ережелерін түсіндіреді, әрі оларда актив оның жалпы не болмаса таза баланстық құнына қатысты қадағаланатын деректердің негізінде қайта бағалануы мүмкін екендігі баян етіледі. Сонымен бірге, жинақталған амортизация активтің жалпы баланстық құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде айқындалған. Ағымдағы кезең ішінде Компания қайта бағалау нәтижелері бойынша түзетулерді көрсетпеді.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

##### 24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету»

Түзету ретроспективті қолданылады және басқарушы компания (негізгі басқарушы персонал ретінде қызмет көрсететін компания) байланысты тарап болып табылатындығын және байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсетуге қосылатындығын түсіндіреді. Сонымен бірге, басқарушы компанияны тартатын ұйым басқарушы компанияның қызметтеріне жұмсалатын шығыстар туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзету Компанияға әсер етпейді, өйткені ол негізгі басқарушы персоналдың қызметтерін көрсету үшін басқа компанияларды тартпайды.

##### 13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

Түзету перспективті түрде қолданылады және әділ құнды портфель деңгейінде бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ХҚЕС-тен (IFRS) босату тек қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерге ғана емес, сол сияқты 9 ХҚЕС-тің (IFRS) (немесе 39 ХҚЕС-тің (IAS), қолданылуына қарай) қолданылу аясындағы басқа да шарттарға қолданыла алатындығын түсіндіреді. Компания әділ құнды портфель деңгейінде бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ХҚЕС-тен (IFRS) босатуды қолданбайды.

##### 40 ХҚЕС (IAS) «Инвестициялық мүлік»

40 ХҚЕС-те (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы инвестициялық мүліктің және меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүліктің (яғни негізгі құралдар) ара жігін ажыратады. Түзету перспективті түрде қолданылады және мәміленің активті сатып алуы немесе бизнесті біріктіру болып табылатындығын анықтау үшін 40 ХҚЕС (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы емес, 3 ХҚЕС (IFRS) ережелері қолданылатындығын түсіндіреді. Алдыңғы кезендерде Компания мәміленің активті сатып алу немесе бизнесті біріктіру болып табылатындығын анықтау үшін 40 ХҚЕС (IAS) емес, 3 ХҚЕС (IFRS) пайдаланды. Осылайша, бұл түзету Компанияның есеп саясатына әсерін тигізбейді.

##### 1 ХҚЕС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – «Күшіне енген ХҚЕС» анықтамасы

Бұл түзету «Қорытынды жасауға арналған негіздемелерде» компания қолдану үшін қолданыстағы стандартты не болмаса қолдануға міндетті емес, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға жол беретін жаңа стандартты қолдану үшін таңдай алатындығын түсіндіреді. Бұл ретте оның міндетті талабы таңдалған стандартты компанияның ХҚЕС бойынша алғашқы қаржылық есептілігінде көрсетілген барлық кезендерде бірізді қолданылуы болып табылады. 1 ХҚЕС-ке (IFRS) бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Компания өзінің қаржылық есептілігін ХҚЕС-ке сәйкес дайындауда.

#### Әділ құнды бағалау

Компания мұндай қаржы құралдарын, сауда және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар, туынды құралдар ретінде және инвестициялық жылжымайтын мүлік сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 28-ескертпеде ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін алынған немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттеменің берілгені үшін төленген баға әділ құны болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Компанияның негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең шынайы мүдделерінде іс-қимыл жасайды. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Компания мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-ші деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде мойындалатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды.

#### Қаржы активтері

##### *Бастапқы тану*

39 ХҚЕС (IAS) ережелеріне сәйкес қаржы активтері пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде, несиелер мен дебиторлық берешек ретінде жіктеледі. Есепке алуда бастапқы бейнелеу кезінде қаржы активтері әділ құны бойынша бағаланады. Есепке алуда қаржы активтерін бастапқы бейнелеу кезінде Компания оларға тиісті санат береді және одан кейін төменде сипатталған белгілі бір жағдайларда қаржы активтерін қайта жіктей алады.

##### *Мойындау күні*

Қаржы активтерін сатып алу және сату бойынша барлық стандарт операциялар операция мерзімінде, яғни Компания өзіне активті сатып алу бойынша міндеттеме алатын мерзімде бейнеленеді. Сатып алу немесе сату бойынша стандартты операцияларға қаржы активтерін сатып алу немесе сату операциялары жатады, әрі солардың шеңберінде активтерді заңнамада белгіленген немесе нарықта қабылданған мерзімде жеткізу талап етіледі.

#### Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері

Саудаға арналған активтер ретінде жіктелетін қаржы активтері «пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері» санатына кіреді. Басқа қаржы құралдарына ендірілген туынды қаржы құралдары немесе жекелеген туынды құралдар ретінде басқа да негізгі келісімшарттар, әрі олардың тәуекелдері мен сипаттамалары мұндай негізгі келісімшарттармен байланысты емес және негізгі келісімшарттар пайдада немесе зияндарда әділ құнында болған өзгерістерді мойындау отырып әділ құны бойынша бағаланбайды. Ендірілген туынды құралы – туынды, сол сияқты негізгі шартты қосатын гибридті (аралас) қаржы құралының құрамдасы, әрі соның нәтижесінде аралас құрал бойынша ақша ағындарының бір бөлігі жекелеген туынды құрал сияқты болады. Компания валюта тәуекелдерін басқару үшін туынды қаржы құралдары бойынша келісімшарттарды жасайды.

Компания нарық субъектілері әдетте қолданатын бағалау әдісін пайдалана отырып, әділ құнды айқындайды. Ендірілген туынды құралдары үшін құралдың ерекше сипаттамаларына түзету жасай отырып нарықтық мөлшерлемелердің негізінде жол берулер жасалады. Компания өзінің қаржы құралдарын бағалау үшін Black-Scholes моделін пайдаланады және бағалау моделінде қолданылатын жол берулер (тәуекелі жоқ мөлшерлемелер мен волатильділік коэффициенттері сияқты) Bloomberg бағасы белгіленетін соған ұқсас сипаттамалары бар қаржылық құралдардың негізінде айқындалады.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Несиелер мен дебиторлық берешек

Қаржы құралдарының басқа санаттарына жіктелетін активтерді қоспағанда, нарықтық баға белгілеуі жоқ ақша ағындарымен айқындалатын немесе тіркелген туынды қаржы құралдары болып табылмайтын қаржы құралдары клиенттерге берілген несиелерді білдіреді.

Компания беретін несиелер бастапқыда әділ құны бойынша есепте оған қоса болған операциялық шығасылар көрсетіледі. Компания клиенттерге нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша несиелерді беру жөнінде несиелік міндеттемені қабылдайды, осы несиелік міндеттемелердің әділ құны бойынша міндеттеме, егер мұндай міндеттемені қабылдау шешімін Компания басшылығы қабылдаса, пайда мен зияндар туралы есепке немесе егер шешім акциялардың бақылау пакеті бар акционерден алынған нұсқаулықтарға сәйкес қабылданса, акциялардың бақылау пакеті бар акционерге болжамды бөле ретінде сторнациялайтын жазбасымен баланста басқа міндеттемелерде ескеріледі. Несиелік міндеттеме кейіннен несие берілгенге дейін пайда мен зияндар туралы есеп арқылы әділ құны бойынша түзетіледі, әрі несиелік міндеттеме берілген ақша өтелуіне азаяды және қалған баланс клиенттерге баланста берілген несиелер ретінде ескеріледі. Нәтижесінде, клиенттерге берілген несиелер бастапқыда қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша мойындалады және кейіннен мұндай несиелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Клиенттерге берілген несиелер кез келген құнсыздану резервтерін шегере отырып ескеріледі.

#### Сату үшін қолда бар қаржы активтері

Сату үшін қолда бар қаржы активтері сату үшін қолда бар деп жіктелген немесе жоғарыда аталған санаттың бірде-біреуіне енгізілмеген туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Есепке алуда бастапқы бейнелеуден соң сату үшін қолда бар қаржы активтері әділ құны бойынша бағаланады, мұндайда кірістер мен шығыстар инвестициялар шығарылған немесе құнсызданған сәтке дейін өзге жиынтық кірісте бейнеленеді. Бұл жағдайда бұрын өзге жиынтық кірісте бейнеленген жинақталған кірістер мен шығыстар пайда мен зияндар туралы есепке қайта жіктеледі. Алайда, пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісімен есептелетін пайыздар пайда мен зияндар туралы есепте бейнеленеді.

#### Қаржы активтерін қайта жіктеу

Егер саудаға арналған деп жіктелген туынды емес қаржылық активке қатысты Компанияның оны жақын арада сату ниеті болмаса, ол мынадай жағдайларда пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық активтердің санатынан қайта жіктелуі мүмкін:

- жоғарыда көрсетілген несиелер мен дебиторлық берешек анықтамасына жауап беретін қаржы активі Компанияның осы активті көз жетерлік болашақта немесе өтеуге дейін ұстау ниеті және мүмкіндігі болса, несиелер мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктелуі мүмкін;
- өзге қаржылық активтер сатуға арналған қолда бар немесе өтеуге дейін ұсталатын активтер санатына өте сирек жағдайларда қайта жіктелуі мүмкін.

Несиелер мен дебиторлық берешектің анықтамасына сәйкес келетін болса, сату үшін қолда бар актив ретінде жіктелген қаржы активі Компанияның осы активті көз жетерлік болашақта немесе өтеуге дейін ұстау ниеті және мүмкіндігі болса, несиелер мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктелуі мүмкін.

Қаржы активтері қайта жіктеу мерзіміндегі әділ құны бойынша қайта жіктеледі. Пайда мен зияндар туралы есепте бұрын мойындалған кірістер мен шығыстар қайтарылады. Қайта жіктеу мерзіміндегі қаржы активінің әділ құны оның жаңа бастапқы немесе амортизацияланған құнына айналады.

#### Өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны бейнелей отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізуге заңды бекітілген құқық және бір мезгілде міндеттемені реттеумен активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Бұл, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына активтің пайда болу күнінен бастап 90 күннен артық емес өтеу мерзімі бар ағымдағы және депозит шоттарында пайдалануда шектелмейтін қаражат кіреді.

#### Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Компанияның не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға акционердің алдындағы берешек және несиелік ұйымдардың қаражаты жатады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация үрдісінде пайда мен зияндар туралы есепте бейнеленеді.

#### Жалдау

##### *Қаржылық жалдау – Компания жалдаушы ретінде*

Компания жалдау мерзімінің басталу күніне қаржылық жағдай туралы есепте активтер мен міндеттемелердің құрамында қаржылық жалдау шарттарын жалға алынған мүліктің әділ құнына тең сомада немесе егер бұл сома әділ құнынан аз болса, ең аз жалдау төлемдерінің ағымдағы құны бойынша мойындайды. Кейіннен ең аз жалдау төлемдері қаржылық шығындар мен төленбеген міндеттемелердің азаюы арасында бөлінеді. Қаржы төлемі міндеттеменің қалған балансы бойынша тұрақты мерзімді пайыздық мөлшерлемеге қол жеткізу үшін жалдау мерзімінің ішіндегі әрбір кезеңге бөлінеді. Шартты жалдау төлемдері олар пайда болатын кезеңдердің шығыстарына жатқызылады. Жалға алынатын мүліктің тозуы Компанияға тиесілі мүлікке қолданылатын тозуды есептеу саясатына сәйкес есептеледі.

##### *Қаржылық жалдау – Компания жалға беруші ретінде*

Компания жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекті жалдау мерзімінің басталу күнінен бастап жалға жасалған таза инвестицияларға тең болатын сомада көрсетеді. Қаржылық кіріс тұрақты кезеңді кірістілік нормасын таза инвестициялардың баланстық сомасына көрсететін нобай бойынша көрсетіледі. Бастапқы тікелей шығындар жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасының құрамында ескеріледі.

##### *Операциялық жалдау – Компания жалдаушы ретінде*

Мүлікті жалдау операциялық жал ретінде жіктеледі, әрі мұндайда жалға беруші жалдау нысанына меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде өзіне сақтап қалады. Операциялық жалдау шарты бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде бірдей шығыстарға жатқызылады және өзге операциялық шығыстар құрамында ескеріледі.

#### Қаржы активтерінің құнсыздануы

##### *Несиелік ұйымдардағы қаражат, клиенттерге берілген несиелер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек*

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын несиелік ұйымдардағы қаражат пен клиенттерге берілетін несиелерге, дебиторлық берешекке қатысты Компания ең бірінші дербес негізде жеке маңызды қаржы активтері үшін немесе жеке маңызды болып табылмайтын қаржы активтері үшін тұтас құнсызданудың объективті белгілері болуын бағалайды. Соған қатысты құнсыздану шығындары мойындалатын дербес негізде құнсыздану мәніне бағаланатын активтер жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағаланбауы тиіс.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

*Несиелік ұйымдардағы қаражат, клиенттерге берілген несиелер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)*

Құнсызданудан шығынға ұшыраудың объективті дәлелдері болған жағдайда, шығын сомасы активтердің баланстық құны мен ақшалай қаражаттың болашақ бағалау ағымдарының келтірілген құнының (несиелер және қаржылық жалдаудың дебиторлық берешегі бойынша әлі ұшырамаған, болашақ күтілетін шығындарды ескермейтін) арасындағы айырманы білдіреді. Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы пайда мен зияндар туралы есепте танылады. Пайыздық кірістер актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде төмендетілген баланстық құн бойынша есептелуін жалғастырады. Өтеудің нақты перспективалары болмаған және барлық қамтамасыз ету іске асырылған немесе Компанияға берілген жағдайда, несиелер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек мен тиісті резерв есептен шығарылады. Егер келесі жылы құнсыздану шығындарын бағалау сомасы құнсыздану шығындары танылғаннан кейін болған оқиғаларға байланысты көбейсе немесе азайса, бұрын танылған құнсыздану шығындарының сомасы резерв шотын түзету арқылы көбейтіледі немесе азайтылады. Егер есептен шығару кейіннен қалпына келтірілетін болса, онда қалпына келтіру сомасы пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Болашақ күтілетін ақша ағымдарының келтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер несиелер/қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек ауыспалы пайыздық мөлшерлеме бойынша берілген болса, онда құнсыздану шығындарын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлеме болады. Қамтамасыз ету ретінде берілген қаржылық активтер бойынша болашақ күтілетін ақша ағымдарының келтірілген құнының есебі өндіру мүмкіндігінің болуына қарамастан қамтамасыз етуді алу мен іске асыру шығындары шегерілген өндіріп алу жағдайында алынуы мүмкін ақшалай қаражатты бейнелейді.

Құнсыздану белгілерінің болуын жиынтық бағалау мақсатында қаржы активтері несиелік тәуекелдің актив түрі, сала, географиялық орналасу, қамтамасыз ету түрі, төлемдердің уақытылы болуы және басқа да факторлар сияқты сипаттамалары ескеріле отырып несиелік рейтингтердің ішкі банктік жүйесі негізінде топтарға бөлінеді.

Құнсыздану жиынтық негізде бағаланатын қаржы активтерінің тобы бойынша болашақ ақша ағымдары активтер бойынша шығындарға, топ активтерінің сипаттамасына ұқсас несиелік тәуекелдердің сипаттамасына қатысты тарихи ақпарат негізінде анықталады. Шығындар бойынша тарихи ақпарат шығындар бойынша тарихи ақпарат бар жылдарға әсерін тигізбеген қолданыстағы талаптардың әсерін бейнелеу және осы сәтте жоқ тарихи кезең үшін талаптардың әсерін жоққа шығару мақсатында бақыланатын нарықтағы ағымдық ақпарат негізінде түзетіледі. Болашақ ақша ағымдарының өзгерістерін бағалау әрбір жыл үшін бақыланатын нарықтағы тиісті ақпараттың өзгерістерін бейнелейді және сәйкес келеді (мысалы, жұмыссыздық деңгейіндегі, жылжымайтын мүлік бағаларындағы, тауар бағаларындағы, төлем мәртебесіндегі немесе Корпорация шеккен залалдар мен мөлшерінің дәлелі болатын басқа факторлардағы өзгерістер). Болашақ ақша ағымдарын бағалау үшін қолданылатын әдістемелер мен жорамалдар шығындар бағасы мен нақты нәтижелер арасындағы айырмашылықты қысқарту үшін үнемі қайта қарастырылып отырады.

#### *Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар*

Компания әрбір есепті кезеңге сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар немесе инвестициялар тобы бойынша құнсызданудың объективті белгілерінің болуын бағалайды.

Сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік құралдар салынатын инвестицияларға қатысты құнсызданудың объективтік дәлелдеріне оның бастапқы құнынан төмен инвестициялардың әділ құнының елеулі немесе ұзақ уақыт бойғы төмендеуі кіреді. Құнсыздану белгілері болған кезде жинақталған шығындар (бұрын пайда мен зияндар туралы есепте танылған инвестиция бойынша құнсыздану шығындары шегерілген ағымдық әділ құн мен сатып алу құны арасындағы айырма ретінде анықталатын) өзге жиынтық кірістен пайда мен зияндар туралы есепке қайта жіктеледі. Үлестік құралдарға инвестициялар бойынша құнсыздану шығындары пайда мен зияндар туралы есеп арқылы қалпына келтірілмейді; құнсызданудан кейінгі әділ құнның көбеюі өзге жиынтық кірісте танылады.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

*Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары (жалғасы)*

Сату үшін қолда бар деп жіктелген борыштық құралдарға қатысты құнсыздану белгілерінің болуын бағалау амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтеріне арналған ұстанымдар бойынша жүргізіледі. Пайыздық кірістер құнсыздану шығындарын бағалау мақсатында болашақ ақша ағымдарын дисконттау үшін қолданылған пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып төмендетілген баланстық құн негізінде есептеледі. Пайыздық кірістер пайда мен зияндар туралы есепте бейнеленеді. Егер келесі жылы борыштық құралдың әділ құны көбейсе және бұл көбею объективті түрде құнсыздану шығындары пайда мен зияндар туралы есепте танылғаннан кейін болған оқиғаға байланысты болса, онда құнсыздану шығындары пайда мен зияндар туралы есепте кіріс бейнелене отырып қалпына келтіріледі.

*Қаржылық жалдаудың дебиторлық берешегі мен несиелерді қайта құрылымдау*

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Компания несиелер/қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемнің шарттық мерзімдерін ұзартып, несие берудің жаңа талаптарын келіседі.

Мұндай қайта құрылымдаудың есебі келесі тәсілмен жасалады:

- несие/қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек валютасы өзгеретін болса, алдыңғы несиенің/қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа несие/қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек қаржылық жағдай туралы есепте мойындалады;
- егер қайта құрылымдау қарыз алушының/лизинг алушының қаржылық қиындықтарымен негізделмесе, Компания төменде сипатталған қаржылық міндеттемелердің мойындалуын тоқтату үшін қолданылатын әдіске ұқсас әдісті қолданады;
- егер қайта құрылымдау қарыз алушының/лизингке алушының қаржылық қиындықтарымен негізделсе және несие/қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек қайта құрылымдаудан кейін құнсызданған болып есептелсе, Компания жаңа талаптарға сәйкес бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған келешек ақша ағындарының келтірілген құны мен қайта құрылымдауға дейінгі ағымдағы құн арасындағы айырманы есепті кезеңде құнсыздану шығыстарының құрамында мойындайды. Егер несие/қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек қайта құрылымдаудың нәтижесінде құнсызданбаған болса, Компания тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептейді.

Несие/қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек, егер ол бойынша талаптар қайта қаралса, мерзімі өткен болып табылмайды. Компания басшылығы болашақ төлемдерді жасаудың барлық критерийлерін және олардың мүмкіндіктерін сақтауында көз жеткізу үшін қайта құрылымдалған несиелерді және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті үнемі қайта қарап отырады. Мұндай несиелер мен қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек дербес немесе жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағаланып отырады және олардың өтелетін құны несие және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша бастапқы тиімді немесе ағымдағы пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады.

#### Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

*Қаржы активтері*

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағымдарын толығымен елеулі кешіктірусіз «транзит» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Компания (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе, қаржы активінің (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігінің немесе ұқсас қаржы активтерінің бір бөлігінің) танылуы тоқтатылады.



(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)

##### Қаржы активтері (жалғасы)

Компания активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Компанияның бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру, активтің бастапқы баланстық құны мәнінің ең азы бойынша және Компанияның төленуіне берілуі мүмкін өтемақының ең көп мөлшері бойынша бағаланады.

##### Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттеме тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда есептен алынады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайда мен зияндар туралы есепте міндеттемелердің баланстық құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуда бейнеленеді.

##### Салық салу

Пайда салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытша айырмашылықтарына қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған пайда салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша қаржылық есептілік мақсаттары үшін көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер күшіне енген немесе нақ есепті мерзімде күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, міндеттемені реттеу немесе активті іске асыру кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Компания кейінге қалдырылған салық талаптарын және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алады және нетто негізде баланста көрсетеді, егер:

- Компанияның ағымдағы салық талаптарын ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға заңгерлік тұрғыдан бекітілген құқығы болса; және
- мерзімі ұзартылған салық талаптары мен мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері бір салық органы бір салық субъектісінен өндіріп алатын пайда салығына жататын болса.

Компания өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасында Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын түрлі салықтарды есептеу және төлеу талаптары бар. Осы салықтар операциялық шығыстардың құрамында пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

##### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығыстары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнының құнсыздануы бағаланады.

(мың теңгемен)

**3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)****Негізгі құралдар (жалғасы)**

Нысанның амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация активтерді пайдалы пайдаланудың келесі бағалау мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

	<b>Амортизация нормасы</b>
Ғимарат және құрылыстар	2%
Көлік құралдары	10-14%
Компьютерлер мен оргтехника	14-20%
Басқасы	6-20%
Жер	0%

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл соңында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеу және қайта салу шығыстары олардың жүзеге асырылуына қарай шығасыларға жатқызылады және капиталдандырылуы тиіс жағдайларды қоспағанда, өзге операциялық шығыстар құрамына енгізіледі.

**Қаржылық жалға арналған мүлік**

Жалға арналған мүлік қос көлемнің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құны және өткізудің ықтимал таза құны. Жалдауға арналған мүліктің өзіндік құнына мүлікті межелі жерге жеткізуге және оны жұмыс күйіне келтіруге арналған тікелей шығындар жатады.

**Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша бейнеленеді. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтер 1-тен 10-ке дейінгі жылды құрайтын пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады.

**Сатуға арналған ретінде сыныпталған активтер**

Компания айналымнан тыс активтерді, егер олардың баланстық құнын өтеу көбінесе пайдалану барысында емес, мәмілені іске асыру барысында жоспарланса, сатуға арналған деп жіктеп отыр. Бұл үшін айналымнан тыс активтер мұндай активтерді сатудың әдеттегі, үлгі шарттары болып табылатын шарттарда оларды қазіргі күйінде дереу сату үшін қолжетімді болуы тиіс, бұл ретте олардың сатылуы жоғары ықтималдылық деңгейімен сипатталуы тиіс.

Сатудың жоғары ықтималдылығы Компания басшылығының айналымнан тыс активті іске асырудың жоспарын қатаң түрде орындау ниетін болжайды. Бұл ретте сатып алушыны іздестіру және мұндай жоспарды орындау бойынша белсенді іс-қимылдар жоспары басталуы тиіс. Бұдан басқа айналымнан тыс актив оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып негізделген болып табылатын баға бойынша өткізілуге белсенді түрде ұсынылуы тиіс. Сонымен бірге сатылымды аяқталған мәміле ретінде көрсету сатуға арналған ретінде айналымнан тыс активтер жіктелген күннен бастап бір жылдың ішінде күтілуі тиіс.

Компания сатуға арналған деп жіктелетін активтерді баланстық құнның ең аз мәні және сату шығыстарын шегере отырып әділ құны бойынша бағалайды. Активтердің баланстық құнының ықтимал құнсыздану оқиғалары немесе соған көрсететін жағдайлардың өзгеруі басталған жағдайда Компания сату шығыстарын шегере отырып олардың құнын әділ құнына дейін бастапқы, сондай-ақ кейінгі есептен шығару кезінде құнсызданудан болған шығынды көрсетеді.

**Резервтер**

Компанияның өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе ерікті түрде қабылдаған міндеттемелері болса, резервтер танылады.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Жарғылық капитал

##### *Жарғылық капитал*

Акционерлік капиталға жарналар шығаруға арналған тікелей шығындарды шегере отырып тарихи құны бойынша мойындалады.

##### *Қосымша капитал*

Компания өз акционерінен нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша несиелерді немесе басқа да қаржылық көмекті алғанда, алынған ақшалай өтемақы мен несиелердің әділ құны арасындағы айырма қосымша төленген капитал ретінде ескеріледі.

##### *Резервтік капитал*

Резервтік капитал Компания Акционері шешімінің негізінде бөлінбеген пайдадан қаражатты аудару арқылы ұлғайтылуы мүмкін.

##### *Дивидендтер*

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Егер есепті кезеңге дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есепті кезеңнен кейін, бірақ қаржылық есептіліктің бекітілу мерзіміне дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, дивидендтер туралы ақпарат есептілікте ашылады.

##### *Шартты бөлу резерві*

Компания өз акционерінің атынан нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша несиелік келісімді немесе қаржылық кепілдік шарттарын жасағанда, алынған қаражат пен несиелік міндеттеменің әділ құнының арасындағы айырма және басқа да қаржылық көмек акционерге болжамды бөлу ретінде капиталға жатқызылады.

#### Сегментті есептілік

Компанияның бизнесі мен географиялық сегменттері осы жекелеген қаржылық есептілікте жеке көрсетілмеген, өйткені Компанияның басшылығы несиелер мен қаржы лизингін ұсынудың басты операциялық сегменті Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық ұйымдары болып табылады деп есептейді, әрі солар бойынша тәуекелдер мен қайтару дәрежесі бүкіл ел бойынша ұқсас болып саналады.

#### Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

#### Кірістер мен шығыстарды тану

Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдылығы жоғары болса және түсім сенімді бағаланатын болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін мынадай белгілер орындалуы тиіс:

##### *Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар*

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар дисконттау кезіндегі тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарақ мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен түсімдері дәлдікпен қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнында келтіріледі. Есептеу кезінде қаржылық құрал бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ несиелер бойынша болашақ шығыстар ескерілмейді. Компания төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеменің негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық кірістер немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

*(мың теңгемен)***3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)****Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)***Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар (жалғасы)*

Қаржылық есептілікте бейнеленген қаржы активінің немесе ұқсас қаржы активтері тобының құны күнсыздану салдарынан төмендеген жағдайда, пайыздық кірістердің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша жаңа баланстық құн негізінде танылуы жалғаса береді.

*Комиссиялық кірістер*

Компания клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады.

Несиеіні ұйымдастырғаны үшін комиссияның мерзімі тиісті тікелей шығындармен бірге ұлғайтылады және несиеіні тиімді пайыздық мөлшерлемесін түзету ретінде мойындалады. Егер несиеіні беру міндеттемесінің салдарынан несиеіні беру туралы шарт жасалатын болса, несиеіні беру міндеттемесі үшін комиссия келешек кезеңдер кірістерінің құрамына (тиісті тікелей шығындармен бірге) кіреді және кейіннен несие бойынша нақты кірістерді түзету ретінде көрсетіледі. Егер несиеіні беру міндеттемесі несиеіні берілуіне әкеліп соқтырған жағдайда, ол төмен деп бағаланады, әрі несиеіні беру міндеттемесі үшін комиссия несиеіні беру міндеттемесінің қалған кезеңінің ішінде пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі. Несиеіні берумен аяқталмаған несиеіні беру жөніндегі міндеттемелердің қолданылу мерзімі өткеннен кейін несиеіні беру жөніндегі міндеттеме үшін комиссия оның қолданылу мерзімінің аяқталу күніне пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады. Несиеіні кызмет көрсеткені үшін комиссия қызметтердің көрсетілуіне қарай ескеріледі. Синдикатталған несиеінілерді ұйымдастырғаны үшін комиссия мұндай қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетілген кезде пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады. Басқа да комиссиялар қызметтердің көрсетілуіне қарай көрсетіледі.

**Шетел валюталарын қайта есептеу**

Қаржылық есептілік Компанияның қызметтік валютасы мен қаржылық есептілікті білдіру валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен беріледі. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша қызметтік валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар пайда мен зияндар туралы есепте «Шетел валюталарындағы операциялар бойынша таза кірістер/(шығыстар) – Валюталық баптарды қайта бағалау» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі ҚР ҰБ ресми бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстар шегеріле отырып кірістер құрамына енгізіледі. Төменде Компания қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған айырбас бағамдары келтірілген:

	<b>31 желтоқсан</b>	
	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Теңге / АҚШ доллары	340,01	182,35
Теңге/еуро	371,46	221,59
Теңге / Ресей рублі	4,61	3,13

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Есеп саясатының келешекте өзгеруі

##### *Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар және түсіндірмелер*

##### *9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»*

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын жариялады, оған қаржы құралдары бойынша жобаның барлық сатылары кіріп, 39 ХҚЕС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау», сондай-ақ 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы нұсқаларын ауыстырады. Стандарт жіктеу мен бағалауға, құнсыздануға және хеджирлеуді есепке алуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді. 9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Ретроспективті қолдану талап етіледі, бірақ салыстырмалы ақпаратты ұсыну міндетті емес. Егер бастапқы тану күні – 2015 жылғы 1 ақпан немесе одан ерте болса, 9 ХҚЕС-тің (IFRS) алдыңғы нұсқаларының мерзімінен бұрын қолданылуына жол беріледі. 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану Компанияның қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға әсерін тигізеді, бірақ оның қаржылық міндеттемелерінің жіктелуіне және бағалауына әсерін тигізбейді. Компания құнсыздануға қатысты 9 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптары оның капиталына айтарлықтай ықпал етеді деп күтіп отыр. Компания мұндай ықпалдың ауқымын бағалау үшін барлық негізделген әрі қолайлы ақпаратты, оның ішінде перспективті ақпаратты қосатын барынша егжей-тегжейлі талдау қажет.

##### *15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»*

2014 жылғы мамырда жарияланған 15 ХҚЕС (IFRS) сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімге қатысты қолданылатын жаңа бес деңгейлі модельді белгілейді. Жалдау шарттары, сақтандыру шарттары бойынша, сондай-ақ қаржы құралдарына және 17 ХҚЕС (IAS) «Жалдау», 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» және 39 ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» (немесе, 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» мерзімінен бұрын қолданылған жағдайда) қолданылу аяларына қатысты басқа да келісімшарттық құқықтар мен міндеттемелерге қатысты туындайтын түсім тиісінше 15 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына кірмейді және тиісті стандарттармен реттеледі.

15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім компания клиентке тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған сыйақыны көрсететін сома бойынша танылады. 15 ХҚЕС (IFRS) қағидаттары түсімді бағалауға және тануға қатысты барынша құрылымдалған тәсілді көрсетеді.

Жаңа стандарт барлық компанияларға қолданылады және түсімді мойындау бойынша ХҚЕС-тің барлық ағымдағы талаптарын ауыстырады. Толық немесе түрлендірілген ретроспективті қолдану 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін талап етіледі. Қазіргі сәтте Компания 15 ХҚЕС-тің (IFRS) әсерін бағалап, оны күшіне ену күніне қолдануды жоспарлап отыр.

##### *14 ХҚЕС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары»*

14 ХҚЕС (IFRS) қолдануға міндетті емес стандарт болып табылады, әрі ол қызметі тарифтік реттеуге жататын компанияға ХҚЕС-ті алғаш рет қолданған кезде кейінге қалдырылған тарифтік айырмалардың шоттары үшін ағымдағы есеп саясаттарының көпшілігін қолдануды жалғастыруға мүмкіндік береді. 14 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданатын Компаниялар кейінге қалдырылған тарифтік айырмалардың шоттары бойынша қалдықтар мен қозғалысты қаржылық жағдай туралы есепте және пайда мен зияндар туралы және тиісінше басқа да жиынтық кіріс туралы есепте бөлек жолдармен көрсетуге міндетті. Стандарт компанияның тарифтік реттеу мәнін және онымен қоса жүретін тәуекелдерді, сондай-ақ тарифтік реттеудің оның қаржылық есептілік әсерлерін ашып көрсетуді талап етеді. 14 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Компания есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес жасайтындықтан, бұл стандарт оған қолданылмайды.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Есеп саясатының болашақта өзгеруі (жалғасы)

##### *Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)*

##### *11 ХҚЕС-ке (IFRS) «Бірлескен қызмет: қатысу үлестерінің сатып алынуын есепке алу» түзетулер*

11 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер бірлескен операцияның қатысушысы сондағы бірлескен операция бизнесті білдіретін бірлескен операциядағы қатысу үлесінің сатып алынуын есепке алу кезінде бизнестің бірігуін есепке алу үшін тиісті 3 ХҚЕС (IFRS) талаптарын қолдануды талап етеді. Сондай-ақ түзетулер бірлескен операцияда бұрын ұсталған қатысу үлесі, бірлескен бақылауды сақтау кезінде дәл сол бірлескен операцияда қосымша қатысу үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайтындығын нақтылайды. Сонымен қатар, 11 ХҚЕС-ке (IFRS) қолданылу аясынан алынған ерекшелік қосылды, әрі ол түзетулер, бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар, есеп беретін кәсіпорынды қоса алғанда, түпкі бақылауға ие болатын бір тараптың жалпы бақылауында болған жағдайларда қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операциядағы бастапқы қатысу үлесін сатып алу үшін, сол сияқты дәл сол бірлескен операциядағы кез келген кейінгі үлестерді сатып алу үшін де қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтілмейді.

##### *16 ХҚЕС-ке (IAS) және 38 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Жол берілетін амортизациялау әдістерін түсіндіру»*

Түзетулер 16 ХҚЕС (IAS) пен 38 ХҚЕС (IAS) қағидаттарының бірін, атап айтқанда, түсім компания активті пайдаланудан тұтынатын экономикалық пайданы емес, компания операциялық қызметтен болатын (актив соның бір бөлігі болып табылады) экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымын көрсететіндігін түсіндіреді. Нәтижесінде, түсімге негізделген амортизация әдісі негізгі құралдарды амортизациялау үшін пайдалана алмайды және тек өте шектелген жағдайларда ғана материалдық емес активтерді амортизациялау үшін пайдаланылуы мүмкін. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін перспективті түрде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтілуде, өйткені Компания айналымнан тыс активтерді амортизациялау үшін түсімге негізделген әдістерді қолданбайды.

##### *16 ХҚЕС-ке (IAS) және 41 ХҚЕС-ке (IAS) «Ауыл шаруашылығы: жеміс беретін өсімдіктер» түзетулер*

Түзетулер жеміс беретін өсімдіктердің анықтамасына жауап беретін биологиялық активтерді есепке алуға қойылатын талаптарды өзгертеді. Түзетулерге сәйкес жеміс беретін өсімдіктердің анықтамасына жауап беретін биологиялық активтер 41 ХҚЕС (IAS) қолданылу аясынан алынып тасталады. Оның орнына соларға қатысты 16 ХҚЕС (IAS) қолданылады. Бастапқыда танылғаннан кейін жеміс беретін өсімдіктер 16 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес жинақталған нақты шығындар бойынша (піскенге дейін) және нақты шығындар бойынша есепке алу моделін не болмаса қайта бағаланған құны бойынша есепке алу моделін (піскеннен кейін) пайдалана отырып ескеріледі. Түзетулер жеміс беретін өсімдіктердің өнімі бұрынғысынан 41 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясында қалатындығын растайды және сату шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша ескеріледі. ХҚЕС (IAS) «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік жәрдем туралы ақпаратты ашып көрсету» жеміс беретін өсімдіктерге қатысты мемлекеттік субсидиялар үшін қолданылады. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін ретроспективті түрде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияға қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтіледі, өйткені Компанияның жеміс беретін өсімдіктері жоқ.

##### *27 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Жекелеген қаржылық есептіліктегі үлестік қатысу әдісі»*

Түзетулер компанияларға жекелеген қаржылық есептілікте еншілес компанияларға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестицияларды есепке алу үшін капиталға қатысу әдісін пайдалануға мүмкіндік береді. ХҚЕС ті қолданған және жекелеген қаржылық есептілікте капиталға қатысу әдісін пайдалануға көшу жөнінде шешім шығарған компаниялар осыны ретроспективті түрде жасаулары тиіс. ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын және өздерінің жекелеген қаржылық есептілігін пайдалану үшін капиталға қатысу әдісін таңдайтын компаниялар бұл әдісті ХҚЕС-ке өткен күннен бастап қолдануы тиіс. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Есеп саясатының болашақта өзгеруі (жалғасы)

##### *Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)*

*10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе беру»*

Түзетулер қауымдасқан компанияға немесе бірлескен кәсіпорынға берілетін еншілес компанияға бақылаудан айырылуға қатысты 10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) талаптары арасындағы мәлім сәйкессіздікті шешеді. Түзетулер инвестор оның және қауымдасқан компанияның немесе бірлескен кәсіпорынның арасындағы 3 ХҚЕС (IFRS) анықтамасында бизнесті білдіретін активтерді сатудан немесе беруден болған толық кірісті немесе шығынды мойындайтындығын нақтылайды. Бұрынғы еншілес компанияға салынған инвестицияның әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған кіріс немесе шығын ол бұрынғы еншілес компаниядағы тәуелсіз инвестордың қатысу үлесіне жататын шамада ғана танылады. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде болатын операциялар үшін күшіне енеді. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

*1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»*

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарын айтарлықтай өзгертпей, оларды түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ХБЕС-тің (IAS) маңыздылығына қойылатын талаптар;
- пайда мен шығын туралы және БЖК туралы есептегі (дегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;
- ұйымның қаржылық есептілікке ескертпелерді беру тәртібін таңдау мүмкіндігі бар;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін тәуелді ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың БЖК үлесі бір баптың шеңберінде бөлек ұсынылуы және кейіннен пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін баптар ретінде жіктелуі тиіс.

Сонымен бірге, түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте қосымша аралық қорытынды сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды да түсіндіреді. Бұл түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияға қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

*ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: циклі 2012-2014 жылдар*

Мұндай жетілдірулер 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бұл түзетулер Компанияға айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде. Оларға келесі өзгерістер кіреді:

*5 ХҚЕС (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» – есептен шығару тәсіліндегі өзгерістер*

Активтер (немесе есептен шығарылатын топтар) әдетте сату не болмаса меншік иелеріне бөлу арқылы есептен шығарылады. 5 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету осы әдістердің біреуін басқа әдіске ауыстыру сатудың жаңа жоспары ретінде емес, бастапқы жоспардың жалғасы ретінде есептелуі тиіс екендігін түсіндіреді. Осылайша, 5 ХҚЕС (IFRS) талаптары үздіксіз қолданылады. Сондай-ақ түзету есептен шығару тәсілінің өзгеруі жіктеу күнін өзгертпейтіндігін түсіндіреді. Түзету сату әдістерін өзгертуге қатысты перспективті түрде күшіне енеді, әрі олар 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерде жасалады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

(мың теңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Есеп саясатының болашақта өзгеруі (жалғасы)

#### *Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)*

##### ХКЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: циклі 2012-2014 жылдар (жалғасы)

##### *7 ХКЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» – қызмет көрсету шарттары*

7 ХКЕС (IFRS) компаниядан мойындалуы жалпы тоқтаған, берілген активке кез келген жалғасып отырған қатысу туралы ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. ХКЕС жөніндегі кеңеске қызмет көрсету шарттары мұндай ақпаратты ашып көрсетуді талап ету мақсаттары үшін жалғасып отырған қатысу болып табыла ма, деген сауал қойылды. Түзету комиссиялық сыйақыны көздейтін қызмет көрсету шарты қаржы активіне жалғасып отырған қатысуды білдіре алатындығын түсіндіреді. Компания ақпараттың ашылып көрсетілуі қажет болып табылатындығын бағалау үшін 7 ХКЕС-тің (IFRS) В30 және 42С тармақтарында көрсетілген жалғасын қатысуға қатысты нұсқаулыққа сәйкес мұндай келісім мен комиссиялық сыйақының сипатын бағалауы тиіс. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзету қызмет көрсету шарттарының шеңберінде жалғасып отырған қатысу мәніне қатысты бағалау ретроспективті түрде жасалатындай етіп қолданылуы тиіс. Дегенмен, компания түзетулерді алғаш рет қолданған кезеңнің алдындағы кез келген кезеңде қажетті ақпаратты ашып көрсетуге міндетті емес.

##### *7 ХКЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» – аралық қаржылық есептілікте өзара есепке алу туралы ақпараттың ашылып көрсетілуінің қолданылуы*

Басшылық қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу бойынша 2011 жылғы желтоқсанда 7 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер ретінде енгізілді. 7 ХКЕС-тің (IFRS) «Күшіне ену күні және есепке алудың жаңа тәртібіне өту» бөлімінде «Ұйым бұл түзетулерді 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін және мұндай жылдық кезеңдер шеңберінде аралық кезеңдер үшін қолдануы тиіс». Дегенмен, аралық кезеңдер үшін ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын талаптарды қамтитын стандарт, 34 ХКЕС (IAS), мұндай талапты қамтымайды. Анық емес немесе тиісті ақпарат қысқартылған аралық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс.

Түзету ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі қысқартылған аралық есептілікте қажет еместігін түсіндіре отырып «және мұндай жылдық кезеңдердің шеңберінде аралық кезеңдер үшін» деген сөйлемді алып тастайды. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

##### *19 ХБЕС (IAS) «Қызметкерлерге сыйақылар» – өңірлік нарық үшін дисконттау мөлшерлемесі*

19 ХБЕС-ке (IAS) жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығының даму дәрежесін бағалау мұндай міндеттеме жататын елге емес, міндеттеме білдірілген валютаға негізделетіндігін түсіндіреді. Егер осындай валютада білдірілген жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығы болмаған жағдайда, мемлекеттік облигациялардың кірістілік мөлшерлемесі пайдаланылуы тиіс. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

##### *34 ХБЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» – ақпаратты «аралық қаржылық есептің қандай да бір басқа бөліміне» қосу*

Түзету талап етілетін ақпаратты ашып көрсетулер аралық қаржылық есептілікте болуы тиіс не болмаса аралық қаржылық есептілік пен олар жалпы аралық қаржылық есептіліктің шеңберінде нақты көрсетілен құжат арасындағы (мысалы, басшылықтың түсіндірмелері немесе тәуекелдер туралы есепте) қарама-қарсы сілтемелер күйінде қосылуы тиіс екендігін түсіндіреді. ХКЕС жөніндегі кеңес аралық қаржылық есептілік құрамындағы басқа ақпарат пайдаланушыларға дәл сондай талаптарда және аралық қаржылық есептілікпен бір мезгілде қолжетімді болуы тиіс екендігін көрсетті. Егер пайдаланушылар басқа ақпаратқа қол жеткізе алмаса, аралық қаржылық есептілік толық емес болып есептеледі. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін ретроспективті түрде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.



(мың теңгемен)

**4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаулар****Бағалаудың белгісіздігі**

Компанияның есепке алу саясатын қолдану үшін басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған соманы анықтауға қатысты бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

*Қаржы құралдарының әділ құны*

Егер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерден тұратын бағалаудың түрлі модельдерін пайдалана отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін алғашқы деректер, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; басқа жағдайда әділ құнды анықтау үшін пікірді қолдану қажет.

*Мерзімі ұзартылған табыс салығы*

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер соған қарсы пайдаланылмаған салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда алынатындығының айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде барлық пайдаланылмаған салық залалдары бойынша мойындалады. Келешек салық салынатын табыстың ықтимал мерзімдері мен мөлшерінің негізінде қаржылық есептілікте мойындауға болатын мерзімі ұзартылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ келешек салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

*Несилердің және қаржылық жсал бойынша дебиторлық берешектің құнсыздану резерві*

Компания несиелер мен дебиторлық берешектің құнсыздануын тұрақты түрде сараптап отырады. Тәжірибеге сүйене отырып, Компания құнсыздану шығындарын қарыз алушы қаржылық қиындықтарды басынан кешіріп отырған және ұқсас қарыз алушылар туралы нақты деректердің жеткілікті көлемі болмаған жағдайларда бағалауда өзінің субъективті пікірін пайдаланады. Компания топ құрамындағы қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу мәртебесіндегі жағымсыз өзгерістерді немесе топ құрамындағы активтер бойынша міндеттемелерді орындамауға пара-пар мемлекеттік не жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруін көрсететін байқалып отырған деректер негізінде болашақ ақша ағымдарының өзгерісін ұқсас түрде бағалайды. Басшылық несиелер мен дебиторлық берешектің тобы бойынша құнсызданудың объективті белгілері бар және несиелік тәуекелдің ұқсас сипаттамасындағы активтерге қатысты шығындар құрылымы туралы тарихи деректерге негізделген бағалауды пайдаланады. Тәжірибеге сүйене отырып, Компания ағымдағы міндеттемелерді бейнелеу үшін несиелер немесе дебиторлық берешек тобына қатысты байқалатын деректерді түзету кезінде өзінің субъективті пікірін пайдаланады.

*Салық салу*

Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамасы жиі қайталануы мүмкін түрлі түсініктемелер мен өзгертулердің нысаны болып табылады. Мұндай заңнамаға қатысты мәмілелер мен Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын басшылық түсініктемесі тиісті өңірлік немесе мемлекеттік органдар тарапынан даулануы мүмкін. Осылайша, қосымша салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдар есептелуі мүмкін. Салықтарды есептеуге қатысты салықтық кезеңдер тиісті органдар тексеру үшін қарастырылатын жылдың алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда мұндай шолулар анағұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Басшылық 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманы түсінуі тиісінше және Компанияның салықтар, валюта және кеден бойынша бағыттары расталатын болады деп санайды.

**5. Ақша қаражаты және олардың баламалары**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатына келесі позициялар кіреді:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Ағымдағы шоттардағы қаражаттың теңгемен қалдықтары	<b>12.499.987</b>	5.220.460
Ағымдағы шоттардағы қаражаттың валютадағы қалдықтары	<b>11.374.345</b>	18.305.365
<b>Ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>23.874.332</b>	23.525.825

2015 жылдың 31 желтоқсанына ақша қаражаты және олардың баламаларының бір банкте шоғырлануы 5.379.962 мың теңгені немесе жалпы соманың 22,5% құрады (2014 жылғы 31 желтоқсан: 6.984.623 мың теңге немесе 29,7%).

(мың теңгемен)

**6. Несиелік ұйымдардағы қаражат**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік ұйымдардағы қаражатқа мыналар кіреді:

	2015 жыл	2014 жыл
Аккредитивтер бойынша міндеттемелерді өтеу үшін банктердегі ақша қаражатының қалдығы	2.549.777	4.043.957
<b>Несиелік ұйымдардағы қаражат</b>	<b>2.549.777</b>	<b>4.043.957</b>

Несиелік ұйымдардағы қаражат қаржылық жалдауға арналған жабдықты сатып алу үшін аккредитивтер бойынша қамтамасыз ету ретінде пайдалануда шектелген ақша қаражатын білдіреді.

**7. Туынды қаржы активтері**

Төменде қаржылық есептілікте активтер немесе міндеттемелер ретінде, сондай-ақ олардың шартты сомалары ретінде көрсетілген туынды қаржы құралдарының әділ құнын көрсететін кесте келтірілген:

	2015 жыл			2014 жыл		
	Шартты негізгі сома	Әділ құны		Шартты негізгі сома	Әділ құны	
		Актив	Міндет-теме		Актив	Міндет-теме
Еуромен опциондар	659.093	478.638	-	747.435	131.041	-
Еуромен опциондар АҚШ	1.519.413	1.255.929	-	1.707.695	337.793	-
	<b>2.178.506</b>	<b>1.734.567</b>	<b>-</b>	<b>2.455.130</b>	<b>468.834</b>	<b>-</b>

Опциондар сатып алушының келешекте белгіленген күнге немесе белгілі бір кезеңнің ішінде уақыттың кез келген сәтінде тіркелген баға бойынша қаржы құралдарының белгілі бір санын сатып алу не болмаса сату құқығын, бірақ міндетін емес қамтитын шарттық келісімдерді білдіреді.

Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша таза кірістерге келесі позициялар кіреді:

	2015 жыл	2014 жыл
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша өткізілген кірістер	15.008	513.962
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша жұмсалмаған кірістер	1.265.844	432.490
<b>Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша таза кірістер</b>	<b>1.280.852</b>	<b>946.452</b>

**8. Клиенттерге берілетін несиелер**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілетін несиелерге келесі позициялар кіреді:

	2015 жыл	2014 жыл
Заңды тұлғаларға берілген несиелер	65.330.232	58.833.083
Жеке тұлғаларға берілген несиелер	4.197	4.162
<b>Клиенттерге берілген несиелердің жиыны</b>	<b>65.334.429</b>	<b>58.837.245</b>
Құнсыздану резервін шегере отырып	(5.594.631)	(5.792.542)
<b>Клиенттерге берілетін несиелер</b>	<b>59.739.798</b>	<b>53.044.703</b>

**Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануына және қаржылық жал бойынша резерв**

Төменде клиенттерге берілген несиелер мен қаржылық жал бойынша дебиторлық берешектің құнсыздану резервін салыстыру берілді:

	Клиенттерге берілетін несиелер	Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	Жиыны
2015 жылдың 1 қаңтарына	5.792.542	12.062.962	17.855.504
Бір жылғы шығыстар / (қалпына келтіру)	(197.911)	4.809.700	4.611.789
Есептен шығару	-	(8.909)	(8.909)
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>5.594.631</b>	<b>16.863.753</b>	<b>22.458.384</b>
Жеке негіздегі құнсыздану	4.139.399	10.858.508	14.997.907
Жиынтық негіздегі құнсыздану	1.455.232	6.005.245	7.460.477
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>5.594.631</b>	<b>16.863.753</b>	<b>22.458.384</b>
<b>Жеке негізде бағаланған құнсыздану резерві есептен шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде несиелер мен қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек сомасының жиыны</b>	<b>12.131.796</b>	<b>34.858.743</b>	<b>46.990.539</b>

(мың теңгемен)

**8. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)****Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануына және қаржылық жал бойынша резерв (жалғасы)**

	<i>Клиенттерге берілетін несиелер</i>	<i>Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек</i>	<i>Жиыны</i>
<b>2014 жылдың 1 қаңтарына</b>	4.960.774	9.008.286	13.969.060
Бір жылғы шығыстар	831.768	3.054.676	3.886.444
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>5.792.542</b>	<b>12.062.962</b>	<b>17.855.504</b>
Жеке негіздегі құнсыздану	3.645.290	6.503.592	10.148.882
Жиынтық негіздегі құнсыздану	2.147.252	5.559.370	7.706.622
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>5.792.542</b>	<b>12.062.962</b>	<b>17.855.504</b>
<b>Жеке негізде бағаланған құнсыздану резерві есептен шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған несиелер мен қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек сомасының жиыны</b>	<b>14.343.005</b>	<b>38.307.418</b>	<b>52.650.423</b>

**Құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған несиелер**

2015 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған несиелерге және қаржылық жал бойынша дебиторлық берешекке қатысты есептелген пайыздық кірістер 2.080.569 мың теңге және тиісінше 4.837.443 мың теңге (2014 жыл: 1.511.135 мың теңге және 4.283.450 мың теңге) болды.

2015 жылдың 31 желтоқсанына құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған несиелер мен қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек бойынша Компания алған қамтамасыз етудің әділ құны 16.782.860 мың теңге және тиісінше 2.056.386 мың теңге болды (2014 жыл: 42.190.280 мың теңге және 3.307.108 мың теңге).

**Қамтамасыз ету және несиелік тәуекелді азайтатын басқа құралдар**

Компания берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің несиелік тәуекелді бағалауына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

Төменде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері көрсетілген:

- коммерциялық несиелеу кезінде – жылжымайтын мүліктің, жердің, ауыл шаруашылық техникасының, қорлардың және дебиторлық берешектің, кепілдіктердің кепілі;
- жеке тұлғаларды несиелеу кезінде – тұрғын үй кепілі.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ құнсыздану шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады.

**Несиелердің клиенттерде шоғырлануы**

2015 жылдың 31 желтоқсанына Компания он ірі тәуелсіз тарапқа берген несиелердің шоғырлануы 23.480.170 мың теңге болды (жиынтық несиелер портфелінің 35,9%) (2014 жыл: 19.265.384 мың теңге (жиынтық несиелер портфелінің 32,7%)). Осы несиелер бойынша 2.352.907 мың теңге мөлшерінде резерв құрылды (2014 жыл: 2.790.342 мың теңге).

Несиелер Қазақстан Республикасында экономиканың келесі секторларында қызмет атқаратын клиенттерге беріледі:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Ауыл шаруашылығы	<b>65.330.232</b>	58.833.083
Құрылыс	<b>4.197</b>	4.162
<b>Клиенттерге берілетін несиелер</b>	<b>65.334.429</b>	58.837.245

(мың теңгемен)

**9. Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек**

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек талдауы төменде көрсетілген:

	<b>1 жылға дейін</b>	<b>1 жылдан 5 жылға дейін</b>	<b>5 жылдан артық</b>	<b>Жиыны</b>
<b>Қаржылық жалдау</b>	<b>52.439.105</b>	<b>135.729.038</b>	<b>69.548.149</b>	<b>257.716.292</b>
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің еңбек сіңбеген қаржылық кіріс	(1.425.604)	(30.284.157)	(29.509.294)	(61.219.055)
<b>Қаржылық жалдауға таза инвестициялар</b>	<b>51.013.501</b>	<b>105.444.881</b>	<b>40.038.855</b>	<b>196.497.237</b>
Құнсыздану резервін шегере отырып (8-ескертпе)	(3.619.194)	(9.599.498)	(3.645.061)	(16.863.753)
<b>Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек</b>	<b>47.394.307</b>	<b>95.845.383</b>	<b>36.393.794</b>	<b>179.633.484</b>

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек талдауы төменде көрсетілген:

	<b>1 жылға дейін</b>	<b>1 жылдан 5 жылға дейін</b>	<b>5 жылдан артық</b>	<b>Жиыны</b>
<b>Қаржылық жалдау</b>	<b>44.961.765</b>	<b>111.778.403</b>	<b>61.618.139</b>	<b>218.358.307</b>
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің еңбек сіңбеген қаржылық кіріс	(1.168.572)	(24.198.315)	(25.402.740)	(50.769.627)
<b>Қаржылық жалдауға таза инвестициялар</b>	<b>43.793.193</b>	<b>87.580.088</b>	<b>36.215.399</b>	<b>167.588.680</b>
Құнсыздану резервін шегере отырып (8-ескертпе)	(3.152.216)	(6.303.978)	(2.606.768)	(12.062.962)
<b>Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек</b>	<b>40.640.977</b>	<b>81.276.110</b>	<b>33.608.631</b>	<b>155.525.718</b>

**Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы**

2015 жылдың 31 желтоқсанына Компания он ірі тәуелсіз тарапқа берген қаржылық жал бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы 31.627.075 мың теңге болды (жиынтық лизинг портфелінің 16,1%) (2014 жыл: 27.153.736 мың теңге (жиынтық лизинг портфелінің 16,2%)). Осы берешектер бойынша 4.021.956 мың теңге мөлшерінде резерв құрылды (2014 жыл: 1.607.330 мың теңге).

**10. Сатуға арналған активтер**

2015 жылдың ішінде Компания сатуға арналған кепіл мүлкін жеке меншікке айналдырды, оның бағалау құны 508.034 мың теңге болды.

**11. Қаржылық жалға арналған мүлік**

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Қаржылық жалға арналған негізгі құралдар	<b>7.924.117</b>	11.816.282
Меншікке айналған кепіл мүлкі	<b>508.235</b>	508.235
Басқа да материалдар	<b>15.394</b>	22.427
	<b>8.447.746</b>	12.346.944
Қаржылық жалдауға және меншікке айналдырылған кепіл мүлкіне арналған мүліктің құнсыздану резерві (26-ескертпе)	<b>(853.339)</b>	(620.306)
<b>Қаржылық жалға арналған мүлік</b>	<b>7.594.407</b>	11.726.638

(мың теңгемен)

**12. Негізгі құралдар**

Төменде негізгі құралдардың баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

	Жер	Үйлер мен ғима- раттар	Көлік құрал- дары	Компью- терлер мен орг- техника	Басқасы	Жиыны
<b>Бастапқы құн</b>						
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>	31.922	847.303	124.064	289.702	101.359	1.394.350
Түсімдер	-	-	24.918	137.457	6.988	169.363
Шығу	-	-	(14.346)	(26.112)	(3.083)	(43.541)
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	31.922	847.303	134.636	401.047	105.264	1.520.172
Түсімдер	-	-	25.710	73.098	5.235	104.043
Шығу	-	-	(27.863)	(34.663)	(3.647)	(66.173)
Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығын	-	-	(967)	-	-	(967)
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>31.922</b>	<b>847.303</b>	<b>131.516</b>	<b>439.482</b>	<b>106.852</b>	<b>1.557.075</b>
<b>Жинақталған амортизация</b>						
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>	-	134.401	48.393	142.613	65.203	390.610
Есептелген амортизация	-	23.622	14.688	40.182	7.649	86.141
Шығу	-	-	(10.639)	(25.678)	(2.884)	(39.201)
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	-	158.023	52.442	157.117	69.968	437.550
Есептелген амортизация	-	23.553	14.657	55.374	7.648	101.232
Шығу	-	-	(21.969)	(34.644)	(3.132)	(59.745)
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	-	<b>181.576</b>	<b>45.130</b>	<b>177.847</b>	<b>74.484</b>	<b>479.037</b>
<b>Қалдық құны</b>						
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>	31.922	712.902	75.671	147.089	36.156	1.003.740
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	31.922	689.280	82.194	243.930	35.296	1.082.622
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>31.922</b>	<b>665.727</b>	<b>86.386</b>	<b>261.635</b>	<b>32.368</b>	<b>1.078.038</b>

**13. ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтарға келесі позициялар кіреді:

	2015 жыл	2014 жыл
Өтелуге жататын ҚҚС	1.553.585	1.286.721
Өзге де салықтар	566	1.622
<b>ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар</b>	<b>1.554.151</b>	<b>1.288.343</b>

(мың теңгемен)

**14. Берілген аванстар**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша аванстар келесі қарсы агенттерге берілді:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
KUBO Greenhouse Projects B.V.	3.875.769	–
Eurasia Group AG	1.117.397	1.461.225
Ақтөбе қ. Салық комитеті	473.649	–
Агрофирма Адучи ЖШҚ	158.703	–
EURASIA GROUP KAZAKHSTAN ЖШС	95.824	–
Frostera JSC	89.558	–
RKD Irrigacion, S.L.	82.359	68.185
Agralimex CmbH	78.066	–
Naan Dan Jain Irrigation (C.S) LTD	41.995	–
Farmpartner-tec GmbH	18.046	45.808
Stienen Bedrijfselectronika B.V.	16.411	–
ХолодПромСтройИнжиниринг ЖШҚ	14.522	–
KMTech Sp.zo.o.	12.519	–
ЕвразСталькон ЖШС	10.770	10.770
«Вектор» комбайн зауыты ЖШС	–	1.885.028
Gesellschaft fur Schlacht- und Fordertechnik mbH	–	490.183
Buhler GmbH	–	144.420
Zherdan ЖШС	–	101.799
Me2 International BV	–	86.160
Ростсельмаш комбайн зауыты ЖШҚ	–	82.256
ZIRBUS Technology GmbH	–	74.249
Ottevanger Milling Engineers	–	69.805
Formica Astana ЖШС	–	67.471
Воронежсельмаш ЖШҚ	–	53.427
DELAVAL EXPORT SERVICE AB	–	32.013
Басқа	82.096	164.386
	<b>6.167.684</b>	<b>4.837.185</b>
Құнсыздану резервін шегере отырып (26-ескертпе)	<b>(171.238)</b>	<b>(116.529)</b>
<b>Берілген аванстар</b>	<b>5.996.446</b>	<b>4.720.656</b>

Аванстар кейіннен қаржылық жалдауға беруге арналған ауылшаруашылық техникасын, құрал-жабдықтарды және ірі қара малды жеткізу үшін алдын ала ақыны білдіреді.

**15. Акционердің алдындағы берешек**

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Акционерден алынған қарыздар	103.432.078	97.164.180
Акционердің қарыздары бойынша пайыздардың берешегі	854.004	587.257
<b>Акционердің алдындағы берешек</b>	<b>104.286.082</b>	<b>97.751.437</b>

**Инвестициялық қарыз**

Компанияның 2015 жылғы 31 желтоқсанға бас компаниямен жасалған толықтырулармен бірге № 35 Қарыз туралы үлгі келісімі (бұдан әрі – Келісім) болды. Осы Келісімнің шарттарына сай Компанияға агроөнеркәсіптік секторда материалдық өндірісті құруға, кеңейтуге және түрлендіруге арналған іс-шаралар кешенін іске асыруға ұзақ мерзімді инвестициялық қарыз беріледі. Компания алынған қаражаттың шеңберінде ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландырады. Акционер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы облигациялық бағдарлама бойынша Ұлттық қордың қаражатынан қаржыландырылады. Инвестициялық қарыздың қолданылу мерзімі 2023 жылдың 30 желтоқсанына дейін. 2014 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына Келісімге сәйкес қаржыландыру лимиті 113.459.000 мың теңге болды. Пайыздар жылдық 1,02% номиналды мөлшерлемесі бойынша есептеледі (алу күніне тиімді пайыздық мөлшерлеме 6,0%). 2015 жылдың 31 желтоқсанына негізгі борыштың қалдығы 84.180.079 мың теңге (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 75.372.129 мың теңге) болды.

(мың теңгемен)

**15. Акционердің алдындағы берешек (жалғасы)****Инвестициялық қарыз (жалғасы)**

2014 жылғы 23 қыркүйекте Компания мен Акционердің арасында 9 жыл мерзімге және оның мемлекет тарапынан субсидиялауымен жылдық 10% пайыздық мөлшерлеменен 14.272.998 мың теңгеге дейінгі сомаға қарыз алуға арналған № 113 Қарыз туралы негіздемелік келісім жасалды, оның жылдық 7%-ы мемлекет тарапынан субсидияланады және жылдық 3%-ын Компания төлейді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы Шарттың шеңберінде негізгі борыштың қалдығы 6.837.636 мың теңге болды.

2014 жылғы 1 қазанда Компания мен Акционердің арасында 7 жыл мерзімге және жылдық 1,02% пайыздық мөлшерлеменен 6.189.000 мың теңге сомасына № 118 Қарыз шарты жасалды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы Шарттың шеңберінде негізгі борыштың қалдығы 6.189.000 мың теңге болды.

2014 жылғы 24 маусымда Компания мен Акционердің арасында 7 жыл мерзімге және жылдық 5,8% пайыздық мөлшерлеменен 30.363.131 мың теңге сомасына № 63 Қарыз туралы үлгі келісім жасалды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы Келісімнің шеңберінде негізгі борыштың қалдығы 21.372.738 мың теңге болды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Акционермен жасалған шарттары бойынша қаржылық ковенанттарды орындау бойынша міндеттемелері болмады. Бұл берешек кепілді мүлікпен қамтамасыз етілмеген.

**16. Несиелік ұйымдардың қаражаты**

	2015 жыл	2014 жыл
Банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар	30.139.607	24.059.367
Алынған қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар	284.695	277.311
<b>Несиелік ұйымдардың қаражаты</b>	<b>30.424.302</b>	<b>24.336.678</b>

Несиелік ұйымдардың қаражатына мыналар кіреді:

	Валюта	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлеме	2015 жыл	2014 жыл
Ислам Даму Банкі	АҚШ доллары	2020 жылғы 21 қыркүйек	6%	8.747.570	5.434.918
Societe Generale Bank	АҚШ доллары	2020 жылғы 20 мамыр	6 ай ЛИБОР + 1,5%	7.689.484	-
Deere Credit, Inc.	АҚШ доллары	2018 жылғы 15 қараша	5,9%	3.475.933	2.601.648
Deere Credit, Inc.	АҚШ доллары	2019 жылғы 20 қараша	5,6%	3.035.521	2.034.658
Landesbank Berlin AG	Еуро	2018 жылғы 15 наурыз	ЛИБОР + 2,3%	1.656.906	1.240.760
Landesbank Berlin AG	Еуро	2019 жылғы 29 желтоқсан	6 ай ЕВРИБОР + 1,35%	2.062.249	1.511.628
Landesbank Berlin AG	Еуро	2016 жылғы 28 тамыз	6 ай ЕВРИБОР + 1% + Қаржыландыруға арналған спред	180.396	196.188
Landesbank Berlin AG	Еуро	2015 жылғы 16 мамыр	6 ай ЕВРИБОР + 0,35%	-	71.852
ГазПромБанк ААҚ	АҚШ доллары	2019 жылғы 30 сәуір	4,3%	1.239.740	850.625
«Россельхозбанк» АҚ	АҚШ доллары	2018 жылғы 24 мамыр	4,9%	931.222	698.645
«Россельхозбанк» АҚ	АҚШ доллары	2019 жылғы 24 сәуір	4,9%	852.247	256.298
CNH International SA	АҚШ доллары	2018 жылғы 2 маусым	6%	553.034	415.229
Ресей Жинақ банкі ЕБ АҚ	Теңге	2015 жылғы 6 қараша	8%	-	5.043.800
«Еуразия даму банкі» АҚ	Теңге	2018 жылғы 6 маусым	7,5%	-	2.138.071
«Еуразия даму банкі» АҚ	Теңге	2019 жылғы 11 наурыз	9,0%	-	1.684.604
HSBC Банк (Германия)	Еуро	2015 жылғы 20 шілде	6 ай ЕВРИБОР + 0,17%	-	157.754
<b>Несиелік ұйымдардың қаражаты</b>				<b>30.424.302</b>	<b>24.336.678</b>

(мың теңгемен)

**16. Несиелік ұйымдардың қаражаты (жалғасы)****Шектейтін қаржы шарттары**

Несиелік ұйымдардың қарыз шарттарының талаптарына сәйкес Компания белгілі бір қаржы коэффициенттерін сақтауға міндетті. Атап айтқанда, Еуразиялық Даму Банкімен жасалған шарт бойынша Компания қарызға алынған қаражат пен меншікті капиталдың арасындағы ара қатынасты сақтауға, ҚР агроөнеркәсіп кешені аясында ҚазАгроның еншілес ұйымдары үшін белгіленген пруденциалдық нормативтерді, сондай-ақ пайыздық шығыстар, Societe Generale мен жасалған шарт бойынша өтеу коэффициентін, операциялық пайда (ЕВІТ) мен сыйақы бойынша шығыстар арасындағы белгілі бір ара қатынасты сақтауға міндетті. 2015 жылдың 31 желтоқсанына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына Компания осы банктермен жасалған шарттар бойынша шектейтін қаржы көрсеткіштерін орындау талаптарын сақтайды.

**Несиелік желілер**

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Россельхозбанк» ААҚ-мен 2014 жылғы 24 сәуірдегі Аккредитивті ашу туралы келісімнің шеңберінде Компания 3.332 мың АҚШ доллары немесе 614 010 мың теңге сомасында қаражатты игерді. 2015 жылғы 31 желтоқсанға осы Келісім бойынша негізгі борыштың қалдығын 2.516 мың АҚШ доллары немесе 855.465 мың теңге құрайды.

**17. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар**

2014 жылғы тамызда-қыркүйекте Компания жергілікті нарықта 8,5 жыл мерзімге және жылдық 8% номиналды пайыздық мөлшерлеменен 17.000.000 мың теңге сомаға облигацияларды шығарды. 2015 жылғы шілдеде-қыркүйекте Компания 7 жыл мерзімге және жылдық 8,5% номиналды пайыздық мөлшерлеменен 18.000.000 мың теңге сомаға облигацияларды шығарды. Сондай-ақ, 2015 жылғы шілдеде-қыркүйекте Компания 9 жыл мерзімге және жылдық 8,5% номиналды пайыздық мөлшерлеменен 10.000.000 мың теңге сомаға облигацияларды шығарды.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың құрамында Компания есептелген сыйақыны, сыйлықақыны ескере отырып айналысқа шығарылған облигацияларды көрсетеді және бұл бағалы қағаздар бойынша дисконт сомасын түзетеді.

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	<b>38.902.500</b>	16.962.500
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт	<b>(998.489)</b>	(952.997)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы	<b>720.383</b>	621.958
<b>Шығарылған борыштық бағалы қағаздар жиыны</b>	<b>38.624.394</b>	16.631.461

**18. Салық салу**

Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу келесі баптардан тұрады:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс – ағымдағы бөлік	-	-
Алдыңғы жылдардың ағымдағы корпоративтік салығына қатысты түзету	-	(223.522)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік – уақыт айырмаларының туындауы және азаюы	<b>429.404</b>	711.145
Мыналарды шегере отырып: капиталда танылған кейінге қалдырылған салықты	<b>(575.102)</b>	(1.207.170)
<b>Пайда салығы бойынша үнемдеу</b>	<b>(145.698)</b>	(719.547)

Капитал құрамында мойындалған кейінге қалдырылған салық келесі тәсілмен бөлінген:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Активтер бойынша	<b>290.472</b>	339.994
Міндеттемелер бойынша	<b>(865.574)</b>	(1.547.164)
<b>Капиталда танылған пайда салығы</b>	<b>(575.102)</b>	(1.207.170)



(мың теңгемен)

**18. Салық салу (жалғасы)**

Қазақстандық заңды тұлғалар салық органдарына корпоративтік табыс салығы бойынша салық декларацияларын өз беттерімен беруге міндетті. 2014 және 2015 жж. корпоративтік табыс салығының стандартты мөлшерлемесі 20% құрады. Корпоративтік табыс салығының тиімді мөлшерлемесі пайдаға салынатын салықтың заңнамада белгіленген мөлшерлемелерінен ерекшеленеді. Төменде корпоративтік табыс салығы бойынша нақты үнемділікпен заңнамада белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстың салыстырылуы келтірілген:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>(5.722.381)</b>	2.453.711
Салықтың ресми мөлшерлемесі	20%	20%
<b>Ресми салық мөлшерлемесі бойынша корпоративтік табыс салығының теориялық (үнемділік)/шығыстары</b>	<b>(1.144.476)</b>	490.742
Салық салынбайтын қаржылық жал бойынша дебиторлық берешектің пайыздық кірісі	<b>(73.943)</b>	(2.038.491)
<b>Салық салынатын базаны азайтпайтын шығыстар</b>		
Несиелердің және қаржылық жал бойынша дебиторлық берешектің құнсыздану резерві	<b>962.341</b>	764.249
- қаржылық жалдауға арналған мүліктің құнсыздану резерві	<b>75.048</b>	51.687
- негізгі қызметпен байланысты емес шығыстар	<b>21.683</b>	12.155
- салықтар бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдар	<b>13.649</b>	111
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік</b>	<b>(145.698)</b>	(719.547)

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріне, сондай-ақ олардың тиісті жылдар үшін қозғалысына келесі позициялар жатады:

	<i>Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы</i>			<i>Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы</i>			
	<i>Пайда мен зияндар туралы есепте</i>	<i>Капитал құрамында</i>	<i>2014 жыл</i>	<i>Пайда мен зияндар туралы есепте</i>	<i>Капитал құрамында</i>	<i>2015 жыл</i>	
<b>Міндеттеменің/активтің шегерілетін уақытша айырмалардың салықтық өсері</b>							
Туынды қаржы активтері	1.112.397	(1.112.397)	-	-	-	-	-
Клиенттерге берілетін несиелер	369.968	205.403	332.814	908.185	(205.474)	290.472	993.183
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	-	64.859	-	64.859	(64.859)	-	-
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	38.047	6.194	-	44.241	3.409	-	47.650
Кепілдіктер	29.660	-	7.180	36.840	-	-	36.840
<b>Кейінге қалдырылған салық активі</b>	<b>1.550.072</b>	<b>(835.941)</b>	<b>339.994</b>	<b>1.054.125</b>	<b>(266.924)</b>	<b>290.472</b>	<b>1.077.673</b>
Туынды қаржы активтері	-	(93.767)	-	(93.767)	(253.146)	-	(346.913)
Клиенттерге берілетін несиелер	-	-	-	-	-	-	-
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	(994.762)	994.762	-	-	(76.684)	-	(76.684)
Несиелік ұйымдардағы қаражат	31.577	(65.977)	-	(34.400)	(21.153)	-	(55.553)
Акционердің алдындағы берешек	(1.845.796)	465.080	(1.547.164)	(2.927.880)	763.976	(865.574)	(3.029.478)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(61.190)	31.868	-	(29.322)	(371)	-	(29.693)
<b>Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі</b>	<b>(2.870.171)</b>	<b>1.331.966</b>	<b>(1.547.164)</b>	<b>(3.085.369)</b>	<b>412.622</b>	<b>(865.574)</b>	<b>(3.538.321)</b>
<b>Кейінге қалдырылған салық (міндеттемелері)</b>	<b>(1.320.099)</b>	<b>496.025</b>	<b>(1.207.170)</b>	<b>(2.031.244)</b>	<b>145.698</b>	<b>(575.102)</b>	<b>(2.460.648)</b>

(мың теңгемен)

**18. Салық салу (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер соның есебінен актив пайдаланылуы мүмкін келешек салық салынатын пайда қолжетімді болуы мүмкін көлемде мойындалады. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер тиісті салық жеңілдігі іске асырылады деген ықтималдылықтың болмауы көлемінде азаяды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 203-V Заңына сай, Салық кодексінің 103-бабы 1-1-тармақпен толықтырылды. Бұл тармақ 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Осы тармаққа сай, белгілі бір талаптарды сақтай отырып, сыйақылар бойынша шығыстар есептеу әдісімен шегерімге жатқызылуға тиіс, ал 2013 жылы тек қасалық әдіс қана қолданылды. Осылайша, Компания 2014 жылы пайдаға салынатын кейінге қалдырылған бен ағымдағы салық арасында пайда салығы бойынша шығыстарды қайта жіктеді. Қайта жіктеу сомасы 223.522 мың теңге болды.

**19. Алынған аванстар**

2015 жылдың 31 желтоқсанына 4.760.927 мың теңге (2014 жыл: 3.421.569 мың теңге) мөлшерінде алынған аванстар клиенттер несие шарттарының немесе қаржылық жалдаудың талаптары бойынша сатып алған, бірақ жалға алушыға берілмеген, қаржылық жалға арналған мүлік үшін жасаған алдын ала төлемді білдіреді.

**20. Басқа да активтер және басқа да міндеттемелер**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа активтерге келесі позициялар кіреді:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Дебиторлық берешек	<b>645.017</b>	661.270
Келешек кезеңдердің шығыстары	<b>50.131</b>	23.636
Басқа да активтер	<b>547</b>	216
	<b>695.695</b>	685.122

Мыналарды шегере отырып: басқа активтердің құнсыздану резервін (26-ескертпе)

	<b>(514.876)</b>	(409.786)
<b>Басқа да активтер</b>	<b>180.819</b>	275.336

Басқа да міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Өнім жеткізушілерге кредиторлық берешек	<b>5.233.635</b>	6.901.867
Болашақ кезеңдердің пайыздық кірістері	<b>1.016.887</b>	1.152.741
Қызметкерлерге берешек	<b>270.531</b>	275.689
Корпоративтік табыс салығынан басқа төленуге жататын салықтар	<b>73.570</b>	122.569
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	<b>184.211</b>	185.287
<b>Басқа да міндеттемелер</b>	<b>6.778.834</b>	8.638.153

(мың теңгемен)

**20. Басқа да активтер және басқа да міндеттемелер (жалғасы)**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша өнім берушілерге кредиторлық берешекке келесі позициялар кіреді:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Dalsem Horticultural Projects B.V.	<b>1.001.746</b>	—
Eurasia Group AG	<b>622.352</b>	236.794
Шетелиг Бел ЧУП	<b>590.437</b>	391.353
Ростсельмаш ЖШҚ	<b>302.166</b>	1.096.980
Rufera TecnoAgro.S/L	<b>182.936</b>	180.954
Silos Cordova S.L	<b>163.227</b>	164.344
Agralimex GmbH	<b>160.978</b>	16.645
Birlesim Silo Energi Degirmen Makina San.Ve.Tic. Ltd	<b>160.662</b>	194.048
JIANGSU MU YANG GROUP CO., LTD	<b>140.297</b>	75.242
Altuntas Havalandirma ve HayvancilicSan.Tic.A.S	<b>131.039</b>	102.777
Техна ӨБ ЖШҚ	<b>100.551</b>	59.983
Lorenz Handels GmbH	<b>99.084</b>	214.804
TT-62 Vehiculos S.L.	<b>86.719</b>	46.508
IT integra TOO	<b>86.708</b>	34.600
Buhler GmbH	<b>77.244</b>	3.084
Elif Makina Mobilya Cida Kirtasiye Sanayi Ve Dis Ticaret Limited Sirketi	<b>41.981</b>	22.515
Eurasia Group Kazakhstan ЖШС	<b>39.354</b>	107.743
«Вектор» комбайн зауыты ЖШС	<b>29.490</b>	917.041
Bles Dairies Livestock B.v.	<b>2.508</b>	629.381
Агромашхолдинг АҚ	—	621.800
L.Rovani S.R.L.	—	305.920
Alapala Insaat Taahhut Turizm Sanayi Ve Ticaret LTD STI	—	181.384
Invernaderos Trigo S.A	—	124.739
Лидагропромаш ЖШҚ	—	91.174
Басқа	<b>1.214.156</b>	1.082.054
<b>Өнім жеткізушілерге кредиторлық берешек</b>	<b>5.233.635</b>	6.901.867

**21. Шарттық және шартты міндеттемелер****Қызметті жүргізу шарттары**

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады. Компанияның басшылығы осындай жағдайларда Корпорацияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алып отыр деп санайды. Дегенмен жоғарыда сипатталған салалардағы жағдайдың одан әрі нашарлауы Компанияның нәтижелеріне және оның қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі кезде бұл әсердің қандай болатынын айқындау қиын.

Сондай-ақ, қарыз алушыларға өтімділіктің нашарлауы ықпал етуі мүмкін, әрі бұл өз кезегінде олардың Компания алдындағы берешек сомасын өтеу қабілетіне әсер етеді. Компанияның басшылығы осындай жағдайларда Компанияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алып отыр деп санайды. Дегенмен жоғарыда сипатталған салалардағы жағдайдың одан әрі нашарлауы Компанияның нәтижелеріне және оның қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

**Саяси және экономикалық ахуал**

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

2015 жылы шикі мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі және қазақстандық теңгенің едәуіл девальвациясы қазақстандық экономикаға теріс әсерін көрсетуін жалғастырды. Басқа факторлармен қатар аталған факторлардың жиынтығы капитал жеткіліктігінің азаюына, капитал құнының өсуіне, инфляцияның артуына және экономикалық өсімге қатысты белгісіздікке әкеп соқтырды. Компанияның басшылығы ағымдағы жағдайларда Компанияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

(мың теңгемен)

**21. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)****Салық салу**

Қазақстандық коммерциялық және атап айтқанда, салық заңнамасында түсінік берілуі өзгеріп отыруы мүмкін ережелер бар, жекелеген жағдайларда заңнамаға жанама түрдегі ретроспективті әрекеті бар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Сонымен бірге, Компания басшылығының заңнама ережелерін түсінуі осы ережелерді салық органдарының түсінуінен ерекшеленуі мүмкін және нәтижесінде Компания жүргізген операцияларды салық органдары өзгеше бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Компания басшылығы барлық қажетті салық аударымдары жасалды және тиісінше, есептілікте қандай да бір резервтер есептелген жоқ деп есептейді. Салық органдары соңғы бес жыл үшін салық салу бойынша деректерді тексеруі мүмкін.

**Пайдаланылмаған несие желілері**

31 желтоқсанға Компанияның шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
<b>Несие сипатындағы міндеттемелер</b>		
Пайдаланылмаған несие желілері	<b>5.750.161</b>	38.959.378
Берілген кепілдіктер	<b>2.827.399</b>	1.754.939
<b>Жиыны</b>	<b>8.577.560</b>	40.714.317

2011 жылғы 16 маусымда Компания қарызды беру туралы келісім бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның ақшалай міндеттемелерін қамтамасыз ететін Ислам Даму Банкімен 6.661.130 ислам динары сомасына қаржылық кепілдікті беру туралы шартты жасады. Бұл кепілдік ҚазАгроның қарсы кепілдігімен қамтамасыз етілген. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан алынған қарыздың жалпы сомасы 2015 жылдың 31 желтоқсанына 8.316 мың АҚШ долларын немесе 2.827.399 мың теңгені құрады.

**22. Капитал**

Төменде шығарылған, толығымен төленген және айналыстағы жай акциялар туралы деректер келтіріледі.

	<b>Орналастыру бағасы (теңге)</b>	<b>Жай акциялардың саны</b>	<b>Жиыны (мың теңге)</b>
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>		80.883.511	80.883.511
Жарғылық капиталды ұлғайту	1.000	1.953.693	1.953.693
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>		82.837.204	82.837.204
Жарғылық капиталды ұлғайту	1.000	-	-
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>		<b>82.837.204</b>	<b>82.837.204</b>

2015 жылдың 31 желтоқсанына 1.000 теңге орналастыру бағасы бойынша жарияланған және төленген жай акциялардың жалпы саны 82.837.204 дана болды (2014 жылғы 31 желтоқсан: 82.837.204 дана). Есепті кезеңнің ішінде өзгерістер болған жоқ. Бір жай акцияның иесі бір дауысқа ие және дивидендтерді алуға тең құқыққа ие. Бөлінуге жататын табыс Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген табыстың негізінде айқындалады.

2014 жылдың 9 маусымда өткен Акционердің жалпы жиналысында Компания 2013 жыл үшін 2.705.114 мың теңге немесе бір жай акция үшін 33,44 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етті. 2013 жылғы дивидендтер толығымен 2014 жылғы қарашада төленді. 2015 жылдың 30 сәуірде өткен Акционердің жалпы жиналысында Компания 2014 жыл үшін 2.855.932 мың теңге немесе бір жай акция үшін 34,48 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етті. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дивидендтер толығымен төленді.

Компанияның ережесіне сай резервтік капитал, келешек шығындарды және басқа да көзделмеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы тәуекелдер үшін қалыптасады. Резервтік капитал акционердің жалпы жиналыстағы шешімінің негізінде бөлінуі тиіс. 2015 жылы резервтік капитал өзгерген жоқ. Осылайша 2014 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша резервтік капитал 1.436.184 мың теңгені құрады.

(мың теңгемен)

**22. Капитал (жалғасы)**

Резервтегі өзгерістер былайша көрсетілген:

	<i>Қосымша капитал</i>	<i>Шартты бөлу резерві</i>
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>12.597.918</b>	<b>(6.525.798)</b>
Шартты бөлу резерві	-	(1.699.972)
Шартты бөлу бойынша резервке салық өсері	-	339.994
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерleme бойынша алынған несиелер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуы	7.735.818	-
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерleme бойынша алынған несиелер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуынан болған салық өсері	(1.547.164)	-
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>18.786.572</b>	<b>(7.885.776)</b>
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>18.786.572</b>	<b>(7.885.776)</b>
Шартты бөлу резерві	-	(1.452.361)
Шартты бөлу бойынша резервке салық өсері	-	290.472
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерleme бойынша алынған несиелер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуы	4.327.868	-
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерleme бойынша алынған несиелер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуынан болған салық өсері	(865.574)	-
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>22.248.866</b>	<b>(9.047.665)</b>

2015 жылдың 31 желтоқсанына Қазақстанның қор биржасының әдістемесіне сай есептелген бір жай акцияның баланстық құны 1.159 теңгені (2014 жылы: 1.224 теңге) құрайды.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияның баланстық құнының есебі:

	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
Активтер	<b>285.298.280</b>	256.437.027
Материалдық емес активтер	(227.695)	(182.528)
Міндеттемелер	<b>(189.868.721)</b>	(154.875.258)
<b>Таза активтер</b>	<b>95.201.864</b>	101.379.241
<b>Есептеу күніне жай акциялардың саны, дана</b>	<b>82.837.204</b>	82.837.204
<b>Акциялардың теңгемен баланстық құны</b>	<b>1.149,26</b>	1.223,84

**23. Басқа да кірістер**

Басқа да шығыстарды шегере отырып басқа да кірістерге мыналар жатады:

	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
Лизингтің қайтарымды мөндері бойынша кіріс	<b>595.603</b>	-
Міндеттемелерді есептен шығарудан болған кіріс	<b>122.692</b>	161.218
Шығыстарды өтеуден түскен кіріс	<b>114.367</b>	229.555
Алынған айыппұлдар мен өсімпұлдар	<b>56.312</b>	25.942
Басқа да кірістер	<b>41.352</b>	96.755
<b>Басқа да кірістер</b>	<b>930.326</b>	513.470

Компания айыппұлдар мен өсімпұлдарды өнім жеткізушілерден қаржылық жалдауға арналған құрал-жабдықтарды дер кезінде жеткізбегені үшін алды.

(мың теңгемен)

**24. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар**

Қызметкерлер құрамының шығыстары мен басқа да операциялық шығыстарға мыналар кіреді:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Қызметкерлер құрамының шығыстары мен бонустар	<b>(2.146.064)</b>	(2.317.108)
Әлеуметтік қамсыздандыру шығыстары	<b>(209.170)</b>	(225.400)
<b>Қызметкерлер құрамының шығыстары</b>	<b>(2.355.234)</b>	<b>(2.542.508)</b>
Табыс салығынан басқа салықтар	<b>(140.323)</b>	(67.628)
Жалдау	<b>(117.791)</b>	(107.789)
Кәсіби қызметтер	<b>(88.539)</b>	(74.867)
Жөндеу және қызмет көрсету	<b>(81.218)</b>	(104.934)
Жарнама	<b>(69.293)</b>	(79.231)
Демеушілік	<b>(54.999)</b>	(18.997)
Банк комиссиясы	<b>(50.506)</b>	(79.036)
Іссапар шығыстары	<b>(45.659)</b>	(60.539)
Материалдар	<b>(37.928)</b>	(47.238)
Байланыс	<b>(36.716)</b>	(48.314)
Сақтандыру	<b>(17.406)</b>	(13.561)
Кеңсе заттары	<b>(7.854)</b>	(7.841)
Тренингтер	<b>(5.242)</b>	(13.886)
Коммуналдық шығыстар	<b>(4.929)</b>	(4.882)
Сот шығыстары	<b>(2.988)</b>	(5.115)
Әлеуметтік бағдарлама бойынша шығыстар	<b>(2.115)</b>	(3.829)
Басқа	<b>(47.791)</b>	(53.977)
<b>Басқа да операциялық шығыстар</b>	<b>(811.297)</b>	<b>(791.664)</b>

**25. Клиенттерге берілген несиелердің келешек ақша ағындарының өзгеруінен түзетілген кірістерді шегере отырып залалдар**

Әдеттегі қызметтің барысында Компания қарыздардың құнсыздануымен байланысты емес оқиғаларға орай мерзімін ұзарту және мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін беру жолымен клиенттерге берілген несиелер бойынша түсімдердің есепті сомаларын қарастырады. Компания ақша қаражатының болжамды келешек ағындарының келтірілген құнын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеу жолымен баланстық құнды қайта есептейді. Баланстық құнның өзгеру әсері пайда немесе зиян құрамында танылады. 2015 жылы қайта қаралған қарыздар бойынша таза зиян 647.866 мың теңге (2014 жыл: 567.194 мың теңге) болды.

**26. Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар**

Төменде құнсыздану резервінің және басқа да резервтердің қозғалысы көрсетілген:

	<b>Қаржылық жалға арналған мүлік</b>	<b>Берілген аванстар</b>	<b>Өзге активтер</b>	<b>Негізгі құралдар- дың құнсыз- дануынан болған зиян</b>	<b>Жиыны 2015 жыл</b>
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>					
Құру	846.196	45.467	391.039	-	1.282.702
Активтерді есептен шығару	258.433	71.062	18.747	-	348.242
Сатуға арналған активтерден қайта жіктеу	(628.863)	-	-	-	(628.863)
	144.540	-	-	-	144.540
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	620.306	116.529	409.786	-	1.146.621
Құру	<b>374.276</b>	<b>54.709</b>	<b>110.588</b>	<b>967</b>	<b>540.540</b>
Активтерді есептен шығару	<b>(141.243)</b>	<b>-</b>	<b>(5.498)</b>	<b>-</b>	<b>(146.741)</b>
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>853.339</b>	<b>171.238</b>	<b>514.876</b>	<b>967</b>	<b>1.540.420</b>

Құнсызданудан болған резервтер тиісті активтерден есептен шығарылған.

*(мың теңгемен)***27. Тәуекелдерді басқару****Кіріспесі**

Компания қызметіне тәуекелдер тән. Компания анықтау, бағалау және бақылаудың үздіксіз үрдісі барысында, сондай-ақ тәуекел шектерін және ішкі бақылаудың басқа шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару үрдісі Компанияның тұрақты тиімділігін ұстап тұру үшін шешуші маңызға ие және Компанияның әрбір жеке қызметкері міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауап береді. Компания өз кезегінде сауда операцияларына байланысты тәуекел және саудалық емес қызметке байланысты тәуекел деп бөлінетін несиелік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге бейім. Компания, сондай-ақ операциялық тәуекелдерге де бейім.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау үрдісі ортаны, технологияны өзгерту немесе саладағы өзгерістер сияқты қызмет жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Компания мұндай тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау үрдісі барысында бақылайды.

*Тәуекелдерді басқару құрылымы*

Тәуекелдерді анықтау мен оларды бақылауға жалпы жауап беретін Директорлар кеңесі, алайда, тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауапты жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

*Директорлар кеңесі*

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы амал-тәсілдеріне, тәуекелдерді басқарудың стратегиялар мен ұстанымдарын бекітуге жауап береді.

*Басқарма*

Басқарманың міндеті Компаниядағы тәуекелдерді басқару үрдісін бақылау болып табылады.

*Тәуекелдерді басқару*

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі бақылаудың тәуелсіз үрдісін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруға байланысты процедураларды енгізу мен жүргізуге жауап береді.

*Тәуекелдерді бақылау*

Тәуекелдерді бақылау бөлімшесі Компанияның тәуекелдерді басқару ұстанымдарының, саясатының және тәуекел шектерінің сақталуын бақылауға жауап береді. Компанияның құрылымына тікелей Директорлар кеңесіне бағынышты болатын жекелеген бөлімше кіреді, әрі ол белгіленген шектермен салыстырғанда тәуекелге бейім бағыттардың мөлшерін бақылауды қоса алғанда, тәуекелдерді тәуелсіз бақылауға, сондай-ақ жаңа өнімдер мен құрылымданған мәміделер тәуекелін бағалауға жауап береді. Бұл бөлімше, сондай-ақ тәуекелді бағалау және тәуекелдер туралы есептілік жүйесінде толық ақпарат жинауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тәуекелдерді бақылау мақсатында Компания филиалдарында тәуекел-менеджерлері көзделген.

*Компания қазынашылығы*

Компания қазынашылығы Компанияның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымын басқару үшін жауап береді. Сондай-ақ Компанияның өтімділік тәуекелі мен қаржыландыру тәуекелі үшін негізгі жауапкершілік қазынашылық мойнында.

*Ішкі аудит*

Ішкі аудит қызметінің жұмысы Компанияның Директорлар кеңесіне процедуралардың жеткіліктігі, сол сияқты Компанияның осы процедураларды орындау ретінде жыл сайынғы аудитті жүргізуге негізделген тәуелсіз, объективті әрі әділ ақпаратты ұсыну болып табылады. Аудит қызметі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын Директорлар кеңесіне тікелей береді.

*Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері*

Компания тәуекелдері күнделікті қызмет барысында орын алуы мүмкін күтілетін шығынды да, санақ модельдері негізінде неғұрлым үлкен нақты шығындардың бағасы болып табылатын болжанбаған шығындарды да бейнелейтін әдіс көмегімен бағаланады. Модельдерде бұрынғы тәжірибеден алынған және экономикалық жағдайлар ескеріле отырып түзетілген ықтималдылықтардың мәндері қолданылады. Компания, сондай-ақ ықтималдылығы төмен деп саналатын оқиғалар туындаған жағдайда орын алатын «ең жаман сценарийлердің» де моделін жасайды.

(мың теңгемен)

## 27. Тәуекелді басқару (жалғасы)

### Кіріспе (жалғасы)

*Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері (жалғасы)*

Тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бақылау, негізінен Компания белгілеген шектерге негізделеді. Мұндай шектер қызмет жүргізу стратегиясы мен Компания қызмет ететін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын тәуекел деңгейін білдіреді. Мұнымен қоса, Компания тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық бағыттарға қатысты тәуекелдерді көтерудегі өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді сараптау, бақылау және ерте бастан анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Компанияның Директорлар кеңесіне, Басқармасына, Несие комитетіне, бөлімше басшыларына ұсынылады. Бұл ақпаратта несиелік тәуекелдің жиынтық мөлшерінің көрсеткіші, болжалды несиелік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел шектерінің шектеулері, тәуекел ескерілген күн, өтімділік көрсеткіштері, пайыздық тәуекел көрсеткіштері, тәуекел деңгейіндегі өзгерістер беріледі.

Компанияның барлық деңгейлеріне Компанияның барлық бөлімшелерін жан-жақты, қажетті және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін таратылатын тәуекелдер туралы түрлі есептер жасалады.

Белгіленген шектерді ұстап тұру талқыланатын, тәуекел ескерілген күн, инвестициялар, өтімділік, сондай-ақ тәуекел деңгейіндегі өзгерістер сарапталатын Басқарманың және Компанияның өзге де қызметкерлерінің жиналыстары тұрақты түрде өткізіледі.

### *Тәуекелді азайту*

Компания тәуекелдерді басқару аясында пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбастау бағамдарындағы өзгерістер, акциялар бағасының өзгеру тәуекелі, несиелік тәуекел салдарынан туындайтын бағыттарды, сондай-ақ болжалды мәмілелер бойынша бағыттарды басқару үшін туынды және басқа құралдарды қолданады.

Компания өзінің несиелік тәуекелін азайту үшін қамтамасыз етуді белсенді түрде қолданады (қосымша ақпарат төменде ашып көрсетілген).

### **Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел – Компания клиенттерінің немесе қарсы агенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Компания несиелік тәуекелді жекелеген қарсы агенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша Компания қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген шектерінің сақталуына мониторинг жүргізу көмегімен басқарады.

Компания қамтамасыз ету мөлшерін кезеңділікпен қайта қарауды қоса отырып, қарсы агенттердің несиелік қабілетіндегі мүмкін өзгерістерді ертерек анықтауды қамтамасыз ету үшін несиелік сапаны тексеру процедурасын әзірледі. Қарсы агенттер бойынша шектер әрбір қарсы агентке несиелік рейтинг беретін несиелік тәуекелді жіктеу жүйесін пайдалана отырып анықталды. Рейтингтер тұрақты түрде қайта қарастырылып отырады. Несиелік сапаны тексеру процедурасы Компанияға өзі бейім тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындардың мөлшерін бағалау және қажетті шаралар қабылдау мүмкіндігін береді.

### *Туынды қаржы құралдары*

Туынды қаржы құралдарымен байланысты несиелік тәуекел кез келген сәтте қаржылық жағдай туралы есепте мойындалған оң әділ құны бар туынды құралдармен шектелген.

### *Несиелік сипаттағы міндеттемелермен байланысты тәуекелдер*

Компания өз клиенттеріне кепілдіктерді алу мүмкіндігін береді, әрі солар бойынша Компанияның клиенттердің алдында төлемдерді жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Клиенттер аккредитивті ұсыну шарттарына сәйкес Компанияның мұндай төлемдерін өтейді. Компания көрсетілген шарттар бойынша несиелер бойынша тәуекелдерге ұқсас болатын және тәуекелдерді бақылау процедуралары мен саясаттарының көмегімен азаятын тәуекелдерді көтереді.

Өзара есептесу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдаланудың салдарынан тәуекелдің азаюының ықпалын есепке алмастан, туынды құралдарды қоса алғанда, қаржылық жағдай туралы есеп баптарының баланстық құны мұндай баптар бойынша несиелік тәуекелдің ең көп мөлшерін барынша дәл етіп көрсетеді.



(мың теңгемен)

**27. Тәуекелді басқару (жалғасы)****Несиелік тәуекел (жалғасы)***Несиелік сипаттағы міндеттемелермен байланысты тәуекелдер (жалғасы)*

Әділ құнымен бейнеленген қаржы құралдары бойынша олардың баланстық құны құндағы өзгеріс нәтижесінде болашақта туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерін емес, несиелік тәуекелдің ағымдық мөлшерін білдіреді.

Қаржы құралдарының әрбір класы бойынша несиелік тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері туралы толығырақ ақпарат жеке ескертпелерде берілді. Қамтамасыз ету мен тәуекелді азайтудың өзге әдістерінің ықпалы 6, 7, 8 және 9-ескертпелерде берілді.

*Қаржы активтерінің кластары бойынша несиелік сапа*

Компания қаржы активтерінің несиелік сапасын ішкі рейтинг беру жүйесінің көмегімен басқарады. Төмендегі кестеде Компанияның несиелік рейтингтер жүйесінің негізінде несиелерге байланысты баланс баптары бойынша активтердің кластары бөлігіндегі несиелік сапасының сараптамасы берілді. Қаржылық жағдайы дұрыс және борышқа жақсы қызмет көрсететін қарыз алушылар стандартты рейтингісі бар несиелерге қосылды. Стандартты рейтингтен төмен рейтинг стандартты рейтингпен салыстырғанда төмен несиелік сапасын және ұжымдық негізде бағаланған несиелерді білдіреді.

	Стан- дартты рейтинг	Субстан- дартты рейтинг	Мерзімі өткен, бірақ құнсыз- данбаған	Дербес құнсыз- данған	Жиыны 2015 жыл
<b>2015 жыл</b>					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	23.874.332	—	—	—	23.874.332
Несиелік ұйымдардағы қаражат	2.549.777	—	—	—	2.549.777
Туынды қаржы активтері	1.000.497	—	—	734.070	1.734.567
Клиенттерге берілетін несиелер	9.162.110	29.458.128	14.582.395	12.131.796	65.334.429
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	9.081.318	142.119.747	10.437.429	34.858.743	196.497.237
<b>Жиыны</b>	<b>45.668.034</b>	<b>171.577.875</b>	<b>25.019.824</b>	<b>47.724.609</b>	<b>289.990.342</b>

	Стан- дартты рейтинг	Субстан- дартты рейтинг	Мерзімі өткен, бірақ құнсыз- данбаған	Дербес құнсыз- данған	Жиыны 2014 жыл
<b>2014 жыл</b>					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	23.525.825	—	—	—	23.525.825
Несиелік ұйымдардағы қаражат	4.043.957	—	—	—	4.043.957
Туынды қаржы активтері	468.834	—	—	—	468.834
Клиенттерге берілетін несиелер	33.349.591	1.283.511	9.861.138	14.343.005	58.837.245
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	107.599.570	8.398.802	13.282.890	38.307.418	167.588.680
<b>Жиыны</b>	<b>168.987.777</b>	<b>9.682.313</b>	<b>23.144.028</b>	<b>52.650.423</b>	<b>254.464.541</b>

Өз саясатына сәйкес, Компания несиелік портфелінің аясында дәл әрі ретті рейтингтер беруді жүзеге асыруы тиіс. Бұл қолданыстағы тәуекелдерді шоғырландыра басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ несиелік тәуекел мөлшерін алуан қызмет түрлері, географиялық өңірлер мен өнімдер бойынша салыстыруға мүмкіндік береді.

(мың теңгемен)

**27. Тәуекелді басқару (жалғасы)****Несиелік тәуекел (жалғасы)**

Қаржы активтері кластарының бөлігінде төлемді кешеуілдету күнінен өткен мерзімдер бойынша мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған несиелерді талдау

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	30 күннен			90 күннен	Жиыны
	кем	31-60 күн	61-90 күн	артық	
Клиенттерге берілетін несиелер	2.054.129	2.721.309	267.450	9.539.507	14.582.395
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	3.377.998	612.649	399.791	6.046.991	10.437.429
<b>Жиыны</b>	<b>5.432.127</b>	<b>3.333.958</b>	<b>667.241</b>	<b>15.586.498</b>	<b>25.019.824</b>

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	30 күннен			90 күннен	Жиыны
	кем	31-60 күн	61-90 күн	артық	
Клиенттерге берілетін несиелер	2.955.750	2.163.695	49.822	4.691.871	9.861.138
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	2.763.538	4.767.592	606.635	5.145.125	13.282.890
<b>Жиыны</b>	<b>5.719.288</b>	<b>6.931.287</b>	<b>656.457</b>	<b>9.836.996</b>	<b>23.144.028</b>

Клиенттер несиелерінің құнсыздану резерві туралы барынша толық ақпарат 8 және 9-ескертпелерде көрсетілген.

**Құнсыздануды бағалау**

Несиелердің құнсыздануын тексеру кезінде ескерілетін негізгі факторлар мыналар болып табылады: пайыздар төлемдері мен негізгі қарыз сомасын өтеу төлемдері мерзімінің 90 күннен артық өтуі; қарсы агенттердің қаржылық қиыншылықтарының, несиелік рейтингінің төмендеуінің немесе шарттың бастапқы талаптарының бұзылуының белгілі болуы. Компания құнсыздануға тексеруді дербес негізде бағаланатын резервтер және жиынтық негізде бағаланатын резервтер етіп екі деңгейде жүргізеді.

**Жеке негізде бағаланатын резервтер**

Компания жеке негізде әрбір жеке маңызды несиелер немесе аванс бойынша құрылуы қажет болатын резервтерді айқындайды. Резервтердің мөлшерін айқындау кезінде назарға келесі жағдайлар алынады: қарсы агенттің бизнес-жоспарының тұрақтылығы; оның қаржылық қиындықтар туындаған кезде қызмет нәтижелерін жақсарту қабілеті; алынуға болжанған сомалар және банкрот болған жағдайда дивидендтердің төленуге күтілетін сомалары; қаржылық көмекті тарту мүмкіндігі; оның ерекшелігін ескере отырып қамсыздандыруды өткізу құны; сондай-ақ күтілетін ақша ағындарының мерзімдері. Құнсызданудан болған шығындар әрбір есепті күнге немесе одан да жиі бағаланады, егер көзделмеген жағдайлар барынша мұқият назарды қажет етсе.

**Жиынтық негізде бағаланатын резервтер**

Дербес маңызды болып табылмайтын несиелердің құнсыздану резервтері (ипотекалық несиелерді және қамтамасыз етілмеген тұтыну несиелерін қоса алғанда), сондай-ақ дербес құнсызданудың объективті белгілері жоқ, дербес маңызды болып табылатын несиелерге қатысты резервтер жиынтық негізде бағаланады. Резервтер әрбір есепті мерзімге бағаланады, мұндайда әрбір несиелер портфелі жеке тестіленеді.

Жиынтық негізде бағалау кезінде дербес құнсызданудың объективті белгілері болмаса да орын алуы мүмкін портфельдің құнсыздануы анықталады. Құнсыздану шығындары мынадай ақпарат негізінде анықталады: өткен кезеңдердегі портфель бойынша шығындар, ағымдағы экономикалық жағдайлар, шығын орын алуы ықтимал сәттен және дербес бағаланатын құнсыздану резервін құруды талап етуді белгілеу сәтінен бастап долбарлы уақыт кезеңі, сондай-ақ алынуы күтілетін сома және актив құнсызданған соң құнды қалпына келтіру. Тәуекелді басқару бөлімшесінің басшылығы бір жылға дейін созылуы мүмкін осы кезеңді анықтау үшін жауап береді. Содан кейін Компанияның несиелер бөлімшесінің басшылығы құнсыздану резервінің Компанияның жалпы саясатына сәйкестігін тексереді.

Қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтер құнсыздану мәніне тексеріледі және олар бойынша несиелер жағдайындағыдай, резерв құрылады.

(мың теңгемен)

**27. Тәуекелді басқару (жалғасы)****Несиелік тәуекел (жалғасы)***Жиынтық негізде бағаланатын резервтер (жалғасы)*

Төменде Компанияның географиялық белгісі бойынша монетарлық активтер мен міндеттемелердің шоғырлануы көрсетілген:

	2015 жыл				2014 жыл			
	Қазақстан	ЭЫДҰ	ТМД	Жиыны	Қазақстан	ЭЫДҰ	ТМД	Жиыны
<b>Активтер</b>								
Ақша қаражаты мен оның баламалары	23.874.332	-	-	23.874.332	23.525.825	-	-	23.525.825
Несиелік ұйымдардағы қаражат	2.549.777	-	-	2.549.777	4.043.957	-	-	4.043.957
Туынды қаржы активтері	1.734.567	-	-	1.734.567	468.834	-	-	468.834
Клиенттерге берілетін несиелер	59.739.798	-	-	59.739.798	53.044.703	-	-	53.044.703
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	179.633.484	-	-	179.633.484	155.525.718	-	-	155.525.718
Басқа да қаржы активтері	130.141	-	-	130.141	251.484	-	-	251.484
	<b>267.662.099</b>	-	-	<b>267.662.099</b>	236.860.521	-	-	236.860.521
<b>Міндеттемелер</b>								
Акционердің алдындағы берешек	104.286.082	-	-	104.286.082	97.751.437	-	-	97.751.437
Несиелік ұйымдардың қаражаты	-	27.401.093	3.023.209	30.424.302	5.043.800	17.487.310	1.805.568	24.336.678
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	38.624.394	-	-	38.624.394	16.631.461	-	-	16.631.461
Басқа да қаржылық міндеттемелер	1.409.277	3.744.454	1.096.807	6.250.538	3.229.204	3.086.987	1.739.507	8.055.698
	<b>144.319.753</b>	<b>31.145.547</b>	<b>4.120.016</b>	<b>179.585.316</b>	122.655.902	20.574.297	3.545.075	146.775.274
<b>Активтер мен міндеттемелер бойынша нетто-позиция</b>	<b>123.342.346</b>	<b>(31.145.547)</b>	<b>(4.120.016)</b>	<b>88.076.783</b>	114.204.619	(20.574.297)	(3.545.075)	90.085.247

**Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару**

Өтімділік тәуекелі – Компанияның төлемдер бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі немесе төтенше жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында, басшылық қолданыстағы ең аз банк салымдарының сомасына қосымша ретінде түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағымдары мен өтімділікке күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл үрдіске күтілетін ақша ағымдарын бағалау және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуы кіреді.

*Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы*

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдаймен өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Компанияның қаржылық міндеттемелері берілді. Алғашқы талап бойынша өтелуі тиіс міндеттемелер өтем туралы талап ең ерте мүмкін мерзімде мәлімделсе деп қарастырылады. Дегенмен Компания көптеген клиенттер ол тиісті төлемді жасауға міндетті болатын ең ерте күнге өтеуді талап етпейді деп күтіп отыр.

<b>Қаржылық міндеттемелер 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</b>	<b>3 айдан кем</b>		<b>3 айдан 12 айға дейін</b>	<b>1 жылдан 5 жылға дейін</b>	<b>5 жылдан артық</b>	<b>Жиыны</b>
Акционердің алдындағы берешек	6.453.293	16.704.839	78.244.721	24.464.807	125.867.660	
Несиелік ұйымдардың қаражаты	1.569.261	7.815.783	24.722.984	-	34.108.028	
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	678.500	2.543.400	12.887.600	45.763.850	61.873.350	
<b>Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны</b>	<b>8.701.054</b>	<b>27.064.022</b>	<b>115.855.305</b>	<b>70.228.657</b>	<b>221.849.038</b>	

(мың теңгемен)

**27. Тәуекелді басқару (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару (жалғасы)***Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы (жалғасы)*

<b>Қаржылық міндеттемелер 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</b>	<b>3 айдан кем</b>	<b>3 айдан 12 айға дейін</b>	<b>1 жылдан 5 жылға дейін</b>	<b>5 жылдан артық</b>	<b>Жиыны</b>
Акционердің алдындағы берешек	3.208.113	10.029.763	74.596.682	32.343.444	120.178.002
Несиелік ұйымдардың қаражаты	3.589.062	6.897.114	14.883.114	1.113.802	26.483.092
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	678.500	678.500	5.428.000	21.712.000	28.497.000
<b>Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны</b>	<b>7.475.675</b>	<b>17.605.377</b>	<b>94.907.796</b>	<b>55.169.246</b>	<b>175.158.094</b>

Кестеде Компанияның шартты әрі шарттық міндеттемелердің шарттық қолданылу мерзімдері көрсетілген. Қарыздарды беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент орындалуын талап етуі мүмкін ең ерте күні бар уақыт кезеңіне қосылады. Қаржылық кепілдік шарттары болған жағдайда кепілдіктің ең үлкен сомасы осы кепілдік талап етілуі мүмкін ең ерте кезеңге жатады.

	<b>3 айдан кем</b>	<b>3 айдан 12 айға дейін</b>	<b>1 жылдан 5 жылға дейін</b>	<b>5 жылдан артық</b>	<b>Жиыны</b>
<b>2015 жыл (21-ескертпе)</b>	<b>757.548</b>	<b>5.200.588</b>	<b>2.362.388</b>	<b>257.036</b>	<b>8.577.560</b>
2014 жыл (21-ескертпе)	2.202.390	38.511.927	–	–	40.714.317

Компания қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін шартты немесе шарттық міндеттемелердің барлығын емес орындау талап етіледі деп күтуде.

Компанияның өз міндеттемелерін орындау қабілеті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде активтердің баламалы сомасын өткізу қабілетіне байланысты болады.

Компания Акционерден едәуір қаражатты алды. Басшылық көз жетерлік келешекте Компанияның қаржыландыру көлемдері бұрынғы деңгейде қалады және мұндай қаражатты беру қажеттілігі туындаған жағдайда Компания алдын ала хабарламаны алып, қажетті төлемдерді жасау үшін өзінің өтімді активтерін өткізе алады.

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағымдарының әділ құны пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары және үлескерлік құралдар бағасы сияқты нарықтық өлшемдердің өзгеруі салдарынан ауытқитын тәуекелдер. Саудалық емес портфель бойынша нарықтық тәуекел сезімталдық сараптамасы негізінде басқарылады және бақыланады. Валюталық позицияларды қоспағанда, Компанияның нарықтық тәуекелінің едәуір шоғырлануы жоқ.

**Нарықтық тәуекел – саудалық емес портфель***Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі*

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемедегі өзгерістердің болашақ ақша ағымдарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан туындайды. Келесі кестеде пайыздық мөлшерлемелердегі мүмкін өзгерістерге Компанияның пайда мен зияндар туралы есебінің сезімталдығы берілді, мұндайда барлық басқа айнымалылар тұрақты көлемде қабылданған.

(мың теңгемен)

**27. Тәуекелді басқару (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)****Нарықтық тәуекел – саудалық емес портфель (жалғасы)****Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі (жалғасы)**

Пайда мен зияндар туралы есептің сезімталдығы 31 желтоқсанда қолданыстағы қалқымалы пайыздық мөлшерлемесі бар саудалық емес қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің негізінде есептелген бір жылғы таза пайыздық кіріске пайыздық мөлшерлемелердегі болжамды өзгерістердің әсерін білдіреді.

<b>Валюта</b>	<b>Базистік тармақтардағы көбею 2015 жыл</b>	<b>Таза пайыздық кірістің сезімталдығы 2015 жыл</b>	<b>Капиталдың сезімталдығы 2015 жыл</b>
Еуро	100	(70.097)	(70.097)
АҚШ доллары	100	15.379	15.379

<b>Валюта</b>	<b>Базистік тармақтардағы көбею 2014 жыл</b>	<b>Таза пайыздық кірістің сезімталдығы 2014 жыл</b>	<b>Капиталдың сезімталдығы 2014 жыл</b>
Еуро	100	(11.471)	(11.471)
АҚШ доллары	100	5.839	5.839

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – қаржы құралының құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Басқарма ҚРҰБ ұсынымдарына сүйене отырып, шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттерді белгіледі. Позициялар күнделікті қадағаланып отырады.

Келесі кестеде Компанияның 31 желтоқсанда саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша, сондай-ақ болжамды ақша ағындары бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Жасалған талдау пайда мен зияндар туралы есепке Қазақстандық теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістің әсері есебінен тұрады (саудаланбайтын монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан олардың әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал келеді). Капиталға әсер пайда мен зияндар туралы есеп әсерінен ерекшеленбейді. Барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Кестедегі теріс сомалар пайда мен зияндар туралы есепте немесе капиталда ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

<b>Валюта</b>	<b>Валюта бағамындағы өзгеріс, % 2015 жыл</b>	<b>Салық салынғанға дейін табысқа әсері 2015 жыл</b>	<b>Валюта бағамындағы өзгеріс, % 2014 жыл</b>	<b>Салық салынғанға дейін табысқа әсері 2014 жыл</b>
АҚШ доллары	(60)	(13.142.654)	(17)	(304.739)
АҚШ доллары	20	4.380.885	17	314.776
Еуро	(60)	6.440	(18)	(405.402)
Еуро	20	(2.147)	18	416.789
Рубль	(40)	(17.452)	(34)	(167.744)
Рубль	29	12.652	34	167.744

**Мерзімнен бұрын өтеу тәуекелі**

Мерзімінен бұрын өтеу тәуекелі – Компанияның клиенттері мен қарсы агенттерінің міндеттемелерді болжанғаннан ерте немесе кеш өтеуді талап етуі немесе өтеуі салдарынан қаржылық шығынға ұшырауы, мысалы, пайыздық мөлшерлемелер төмендеген жағдайдағы тіркелген мөлшерлеменен берілген ипотекалық несиелер.

Егер жыл басында несие портфелінің 10% мерзімінен бұрын өтелетін болса, басқа параметрлер тұрақты өлшемдер ретінде қабылданса, салықтарды шегергенге дейінгі пайда 223.937 мың теңгеге ұлғаяр еді (2014 жыл: 8.343 мың теңгеге азаяр еді).

(мың теңгемен)

**27. Тәуекелді басқару (жалғасы)****Валюталық тәуекел (жалғасы)***Мерзімнен бұрын өтеу тәуекелі (жалғасы)*

Егер жыл басында несие портфелінің 10% мерзімінен бұрын өтелетін болса, басқа параметрлер тұрақты өлшемдер ретінде қабылданса, салықтарды шегергенге дейінгі лайда 260.002 мың теңгеге азаяр еді (2014 жыл: 871.709 мың теңгеге ұлғаяр еді).

**Операциялық тәуекел**

Операциялық тәуекел – жүйенің істен шығуы, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі қызметін тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдарының болуы немесе қаржылық шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Компания барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы Компания мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, кіру құқығын тиімді бөлуді, бекіту және салыстыру процедураларын, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда бағалау процедураларын қарастырады.

**28. Қаржы құралдарының әділ құны**

Компания қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпаратты анықтау және жариялау үшін бағалау әдістерінің мынадай иерархиялық құрылымын пайдаланады:

- 1-деңгей: сәйкес активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-деңгей: бүкіл бастапқы дерек нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бағалау моделі.
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмейтін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бүкіл бастапқы деректі пайдаланатын бағалау моделі.

Келесі кестеде әділ құн көздері иерархиясының деңгейлері бөлігіндегі әділ құны бойынша есептілікте берілген қаржы құралдарының сараптамасы берілді:

<b>2015 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>1-деңгей</b>	<b>2-деңгей</b>	<b>3-деңгей</b>	<b>Жиыны</b>
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері</b>				
Туынды қаржы активтері	–	1.734.567	–	1.734.567
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>–</b>	<b>1.734.567</b>	<b>–</b>	<b>1.734.567</b>
<b>Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер</b>				
Ақша қаражаты мен оның баламалары	–	23.874.332	–	23.874.332
Несиелік ұйымдардағы қаражат	–	–	2.549.777	2.549.777
Клиенттерге берілетін несиелер	–	–	54.472.255	54.472.255
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	–	–	170.528.033	170.528.033
Басқа да активтер	–	–	130.141	130.141
<b>Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>–</b>	<b>23.874.332</b>	<b>227.680.206</b>	<b>251.554.538</b>
<b>Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелер</b>				
Акционердің алдындағы берешек	–	–	94.626.632	94.626.632
Несиелік ұйымдардың қаражаты	–	–	28.136.223	28.136.223
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	36.570.500	–	36.570.500
Басқа да міндеттемелер	–	–	6.250.538	6.250.538
<b>Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелердің жиыны</b>	<b>–</b>	<b>36.570.500</b>	<b>129.013.393</b>	<b>165.583.893</b>

(мың теңгемен)

**28. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

<b>2014 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>1-деңгей</b>	<b>2-деңгей</b>	<b>3-деңгей</b>	<b>Жиыны</b>
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері</b>				
Туынды қаржы активтері	-	468.834	-	468.834
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің жиыны</b>	-	468.834	-	468.834
<b>Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер</b>				
Ақша қаражаты мен оның баламалары	-	23.525.825	-	23.525.825
Несиелік ұйымдардағы қаражат	-	-	4.043.957	4.043.957
Клиенттерге берілетін несиелер	-	-	54.968.984	54.968.984
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	-	-	151.045.485	151.045.485
Басқа да активтер	-	-	251.484	251.484
<b>Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржы активтерінің жиыны</b>	-	23.525.825	210.309.910	233.835.735
<b>Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелер</b>				
Акционердің алдындағы берешек	-	-	86.483.872	86.483.872
Несиелік ұйымдардың қаражаты	-	-	22.921.818	22.921.818
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	15.494.741	-	15.494.741
Басқа да міндеттемелер	-	-	8.055.698	8.055.698
<b>Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелердің жиыны</b>	-	15.494.741	117.461.388	132.956.129

**Әділ құны бойынша көрсетілген қаржы құралдары**

Төменде бағалау әдістемелерінің көмегімен әділ құны бойынша бейнеленетін қаржы құралдарының әділ құнын анықтаудың сипаттамасы келтірілді. Оларға құралдардың құнын анықтау кезінде нарық қатысушысы пайдалана алатын мүмкіндіктерге Компания берген бағалаулар кіреді.

**Туынды құралдар**

Құны бағалау әдістерінің көмегімен айқындалатын туынды құралдар, әрі олардың бастапқы деректері нарықта байқалып отыр. Ендірілген туынды құралдар бойынша жорамалдар құралдың ерекше сипаттамаларымен түзетілген нарықтық мөлшерлемелердің негізінде жасалды. Компания өзінің қаржы құралдарын бағалау үшін Black-Scholes моделін пайдаланады және бағалау моделі (тәуекелі жоқ мөлшерлемелер мен волатильділік коэффициенттері сияқты) Bloomberg айналатын соған ұқсас сипаттамалары бар қаржылық құралдардың негізінде айқындалады.

(мың теңгемен)

**28. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)****Қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдары**

Төменде қаржылық есептілікте көрсетілген Компанияның қаржы құралдарының баланстық және әділ құнының салыстыруы көрсетілген.

	<b>Баланстық құны 2015 жыл</b>	<b>Әділ құны 2015 жыл</b>	<b>Танылма- ған кіріс/ (шығыс) 2015 жыл</b>	<b>Баланстық құны 2014 жыл</b>	<b>Әділ құны 2014 жыл</b>	<b>Танылма- ған кіріс/ (шығыс) 2014 жыл</b>
<b>Қаржы активтері</b>						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	23.874.332	23.874.332	-	23.525.825	23.525.825	-
Несиелік ұйымдардағы қаражат	2.549.777	2.549.777	-	4.043.957	4.043.957	-
Клиенттерге берілетін несиелер	59.739.798	54.472.255	(5.267.543)	53.044.703	54.968.984	1.924.281
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	179.633.484	170.528.033	(9.105.451)	155.525.718	151.045.485	(4.480.233)
Басқа да активтер	130.141	130.141	-	251.484	251.484	-
	<b>265.927.532</b>	<b>251.554.538</b>	<b>(14.372.994)</b>	<b>236.391.687</b>	<b>233.835.735</b>	<b>(2.555.952)</b>
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>						
Акционердің алдындағы берешек	104.286.082	94.626.632	9.659.450	97.751.437	86.483.872	11.267.565
Несиелік ұйымдардың қаражаты	30.424.302	28.136.223	2.288.079	24.336.678	22.921.818	1.414.860
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	38.624.394	36.570.500	2.053.894	16.631.461	15.494.741	1.136.720
Басқа да міндеттемелер	6.250.538	6.250.538	-	8.055.698	8.055.698	-
	<b>179.585.316</b>	<b>165.583.893</b>	<b>14.001.423</b>	<b>146.775.274</b>	<b>132.956.129</b>	<b>13.819.145</b>
<b>Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны</b>			<b>(371.571)</b>			<b>11.263.193</b>

**Бағалау және жорамалдау әдістемелері**

Төменде әділ құны бойынша осы қаржылық есептілікте бейнеленбеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мем мүмкіндіктер сипатталды.

**Әділ құны шамамен баланстық құнына тең активтер**

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың баланстық құны шамамен әділ құнына тең болуы мүмкін. Бұл жорамал нарықтық шарттарда орналастырылған несиелік ұйымдардағы қаражатқа да қолданылады.

**Тіркелген мөлшерлемелі және қалқымалы мөлшерлемелі қаржы құралдары**

Баға берілмейтін қаржылық құралдар жағдайында, ұқсас несиелік тәускел мен талаптардағы қаржылық құралдар үшін өтеуге дейін қалған уақыт кезеңі ескеріле отырып ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағымдарының моделі қолданылады.

Әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін активтер бойынша, келешек ақша ағындары ҚРҰБ жариялайтын статистиканың негізінде ұқсас өтеу мерзімдерімен қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Көрсетілген тәсіл клиенттерге берілген қарыздардың әділ құнын және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті анықтау кезінде қолданылады.

Әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін міндеттемелер бойынша, келешек ақша ағындары ұқсас өтеу мерзімдерімен қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

- акционердің алдындағы берешек ұқсас өтеу мерзімімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі облигацияларының орташа мөлшерлемесі бойынша дисконтталады;
- несиелік ұйымдардың қаражаты Bloomberg-те орналастырылған деректердің негізінде қаржы ұйымдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

Келешек ақша ағындарына негізгі борышты және шартта көзделген пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздарды негізгі борыштың сомасына өтеу кіреді.



(мың теңгемен)

**28. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)****Әділ құны бойынша бағаланған 2-деңгейдегі активтер мен міндеттемелер санатындағы өзгерістер**

Келесі кестеде есепті жылдың басына және соңына әділ құны бойынша ескерілетін 2-деңгейдегі қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша сомалардың салыстыруы көрсетілген:

Қаржы активтері	2015 жылдың 1 қаңтарына	Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалған кірістер	Сатып алу	Өтеу 31 желтоқсанына	2015 жылдың 31 желтоқсанына
Туынды қаржы құралдары	468.834	1.280.852	(111)	(15.008)	1.734.567

**29. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау**

Төмендегі кестеде күтілетін өтеу мерзіміне қатысты активтер мен міндеттемелер берілді. Компанияның дисконтталмаған шарттық міндеттемелері туралы ақпарат «Тәуекелдерді басқару» 27-ескертпесінде ашылған.

	2015 жыл			2014 жыл		
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны
<b>Активтер</b>						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	23.874.332	-	23.874.332	23.525.825	-	23.525.825
Несиелік ұйымдардағы қаражат	2.549.777	-	2.549.777	4.043.957	-	4.043.957
Туынды қаржы активтері	1.608.230	126.337	1.734.567	409.046	59.788	468.834
Клиенттерге берілетін несиелер	23.256.088	36.483.710	59.739.798	23.075.627	29.969.076	53.044.703
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	47.394.307	132.239.177	179.633.484	40.640.977	114.884.741	155.525.718
Сатуға арналған активтер	508.034	-	508.034	-	-	-
Қаржылық жалға арналған мүлік	7.594.407	-	7.594.407	11.726.638	-	11.726.638
Негізгі құралдар	-	1.078.038	1.078.038	-	1.082.622	1.082.622
Материалдық емес активтер	-	227.695	227.695	-	182.528	182.528
Табыс салығы бойынша талаптар	626.732	-	626.732	551.867	-	551.867
ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар	1.554.151	-	1.554.151	1.288.343	-	1.288.343
Берілген аванстар	-	5.996.446	5.996.446	4.720.656	-	4.720.656
Басқа да активтер	180.819	-	180.819	275.336	-	275.336
<b>Жиыны</b>	<b>109.146.877</b>	<b>176.151.403</b>	<b>285.298.280</b>	<b>110.258.272</b>	<b>146.178.755</b>	<b>256.437.027</b>
<b>Міндеттемелер</b>						
Акционердің алдындағы берешек	21.789.323	82.496.759	104.286.082	11.689.999	86.061.438	97.751.437
Несиелік ұйымдардың қаражаты	6.923.504	23.500.798	30.424.302	9.759.749	14.576.929	24.336.678
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	720.384	37.904.010	38.624.394	621.958	16.009.503	16.631.461
Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	-	2.460.648	2.460.648	-	2.031.244	2.031.244
Алынған аванстар	4.760.927	-	4.760.927	3.421.569	-	3.421.569
Кейінге қалдырылған ҚҚС	367.518	2.166.016	2.533.534	264.149	1.800.567	2.064.716
Басқа да міндеттемелер	6.594.639	184.195	6.778.834	8.453.958	184.195	8.638.153
<b>Жиыны</b>	<b>41.156.295</b>	<b>148.712.426</b>	<b>189.868.721</b>	<b>34.211.382</b>	<b>120.663.876</b>	<b>154.875.258</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>67.990.582</b>	<b>27.438.977</b>	<b>95.429.559</b>	<b>76.046.890</b>	<b>25.514.879</b>	<b>101.561.769</b>

(мың теңгемен)

**30. Байланысты тараптармен операциялар**

24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

**Мемлекетпен байланысты кәсіпорындармен операциялар (акционермен операциялардан басқа)**

Қазақстан Республикасы, Қаржы министрлігінің аясында Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет арқылы Компанияның қызметін бақылап, оған айтарлықтай ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік агенттіктер мен басқа да ұйымдар арқылы тікелей немесе жанама түрде кәсіпорындардың едәуір санына (бірлесіп «мемлекетпен байланысты кәсіпорындар» деп аталады) айтарлықтай ықпал етеді. Компания мұндай кәсіпорындармен несиелерді тарту және ақша қаражатын орналастыру сияқты банк операцияларын жасайды.

**Мемлекетпен байланысты емес кәсіпорындармен операциялар, оның ішінде акционермен операциялар**

Байланысты тараптармен операциялар көлемі, жыл соңындағы сальдо, сондай-ақ бір жылғы шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде көрсетілген:

	2015 жыл		2014 жыл	
	Жалпы бақылау астын-дағы компаниялар	Басқасы байланысты тараптар	Жалпы бақылау астын-дағы компаниялар	Басқасы байланысты тараптар
1 қаңтарда берілген несиелер	-	-	64.803	-
Жыл ішінде берілген несиелер	-	-	-	-
Жыл ішінде несиелерді өтеу	-	-	(64.803)	-
31 желтоқсанға берілген несиелер	-	-	-	-
1 қаңтарға қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	466.063	-	511.175	-
Жыл ішінде берілгені	363.651	-	230.729	-
Жыл ішінде өтелгені	(146.738)	-	(275.841)	-
31 желтоқсанға қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	682.976	-	466.063	-
31 желтоқсанға қаржылық жал бойынша есептелген пайыздық кірістер	45.072	-	12.494	-
Мыналарды шегере отырып: 31 желтоқсанға құнсыздану резерві	(27.800)	-	(156.142)	-
Резервті шегере отырып 31 желтоқсанға қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	700.248	-	322.415	-

(мың теңгемен)

**30. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)****Мемлекетпен байланысты емес кәсіпорындармен операциялар, оның ішінде акционермен операциялар (жалғасы)**

	2015 жыл		2014 жыл	
	Жалпы бақылау астын-дағы компаниялар	Өзге де байланысты тараптар	Жалпы бақылау астын-дағы компаниялар	Өзге де байланысты тараптар
<b>1 қаңтарда алынған несиелер</b>	<b>97.164.180</b>	-	<b>79.328.128</b>	-
Жыл ішінде алынған несиелер	24.375.431	-	37.675.091	-
Жыл ішінде несиелерді өтеу	(18.107.533)	-	(19.839.039)	-
<b>31 желтоқсанда алынған несиелер</b>	<b>103.432.078</b>	-	<b>97.164.180</b>	-
31 желтоқсанға несиелер бойынша есептелген пайыздық шығыстар	854.004	-	587.257	-
<b>1 қаңтарға төленуге жататын дивидендтер</b>	<b>-</b>	-	<b>-</b>	-
Жыл ішінде жарияланған дивидендтер	2.855.932	-	2.705.114	-
Жыл ішінде төленген дивидендтер	(2.855.932)	-	(2.705.114)	-
<b>31 желтоқсанға төленуге жататын дивидендтер</b>	<b>-</b>	-	<b>-</b>	-
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің пайыздық кірістері	-	57.248	-	11.283
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешектің құнсыздану резерві	-	128.342	-	(44.901)
Пайыздық шығыс	(6.298.616)	-	(5.707.929)	-
Басқа да шығыс	-	(5.697)	-	(10.358)

Басқа байланысты тараптарға берілген қарыздар мен қаржылық жалдау бойынша пайыздық мөлшерлемелердің мөлшері 4% дан 13% ға дейін құрайды, несиелеу мерзімі 4 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

5 адамнан (2014 жыл: 3 адам) тұратын негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақыға келесі позициялар кіреді:

	2015 жыл	2014 жыл
Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер	58.631	79.085
Салықтар мен әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	5.897	7.599
<b>Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақының жиыны</b>	<b>64.528</b>	<b>86.684</b>

**31. Капитал жеткіліктігі**

Компания қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Компания капиталының жеткіліктілігі өзге әдістермен қатар Компания қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ мен 1988 жылғы Базель келісімімен белгілеген коэффициенттерді қолдана отырып бақыланады.

2015 жылдың ішінде Компания капиталға қатысты Заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық сақтады.

Компания үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Компанияның капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауынан және жоғары несиелік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды максималдандыруға қажет капитал жеткіліктілігінің нормативтерін ұстап тұруды қамтамасыз етуден тұрады.

(мың теңгемен)

**31. Капитал жеткіліктігі (жалғасы)****ҚРҰБ белгілеген капитал жеткіліктілігінің коэффициенті**

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын компаниялардан 1 деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін активтердің 6% мөлшерінде қолдауын және капиталдың жалпы жеткіліктілік коэффициентін тәуекелді ескере отырып алынған активтердің 12% мөлшерінде қолдауды талап етеді. 31 желтоқсанға осы негізде Компания капиталының жеткіліктілік коэффициенті былайша болды:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Бірінші деңгейдегі капитал	<b>95.358.573</b>	98.381.188
Екінші деңгейдегі капитал	-	3.173.258
<b>Капитал жиыны</b>	<b>95.358.573</b>	<b>101.554.446</b>
<b>Активтер</b>	<b>285.298.280</b>	256.437.027
Тәуекелді ескере отырып алынған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер	<b>271.111.965</b>	272.816.747
Операциялық тәуекел	<b>5.969.930</b>	4.765.441
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1) – 6% кем емес	<b>33,42%</b>	38,36%
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1-3) – 12% кем емес	<b>34,42%</b>	36,59%

**1988 жылғы Базель келісімі бойынша капитал жеткіліктілігінің нормативі**

31 желтоқсанға нарықтық тәуекелді қосуға қатысты кейінгі түзетулерді ескере отырып, 1988 жылғы Базель келісімінің ережелеріне сәйкес есептелген Компания капиталының жеткіліктілік нормативі былайша болды:

	<b>2015 жыл</b>	<b>2014 жыл</b>
Бірінші деңгейдегі капитал	<b>95.358.573</b>	98.381.188
Екінші деңгейдегі капитал	-	3.173.258
<b>Капитал жиыны</b>	<b>95.358.573</b>	<b>101.554.446</b>
<b>Тәуекелді ескере отырып алынған активтер</b>	<b>260.381.364</b>	228.610.536
<b>1 деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің нормативі</b>	<b>36,62%</b>	43,03%
<b>Капитал жеткіліктілігінің жалпы нормативі</b>	<b>36,62%</b>	44,42%